| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері** | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:*** *«Құстар біздің досымыз»*<br>***Мақсаты:*** *Құстар тіршілігі туралы түсініктері дамиды. Оларға қамқорлық жасау жолдарын айта алады.*<br>*Ресурстар: Қошақан сурет, дидакт материалдар*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Арайлап таң атты,*<br>*Алтын сәуле таратты.*<br>*Жарқырайды күніміз,*<br>*Жайнай түсті гүліміз.*<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Қыс мезгілінде неше ай бар?*<br>***Миға шабул***<br>*Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»*<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*Барлық жемін бітеудей асайды,*<br>*Әйтсе де ұзақ жасайды.*<br>*Бұл нелер? (Құстар)*<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>***Ой дамыту.***<br>*Мнемотехника әдісі.*<br>*Балаларға құстар жайлы әңгімелету.*<br>***Топқа бөлу.***<br>*Оқу ортасы арқылы саралау.*<br>*Балалар суреттерді алып топтарға бөлінеді.*<br>*1-топ: Қарлығаш*<br>*2- топ: Аққу*<br>*3-топ : Бұлбұл*<br>***«Миға шабуыл»***<br>*Әр топқа құстар туралы сұрақтар қою.* | ***1.Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:*** *«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі*<br>***Мақсаты:*** *Балалар ертегіні тыңдай отырып,қарлығаштың адамға дос екенін, дәуіттің адалдығын түсінеді.*<br>*Ресурстар: Қошақан сурет, дидакт материалдар*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Амандасу үлкенге,*<br>*Тәрбиенің басы ғой.*<br>*Ал, қанекей бәріміз,*<br>*Сәлем дейік үлкенге.*<br>*Құрлымдалған ойын: «Қай құс қайда мекендейді?»*<br>*Шарты: Балалар, құстарды мекен ететін жеріне орналастырады.*<br>***Қызығушылықты ояту. АҚТ аудио***<br>*Үдеріс арқылы саралу*<br>*Үнтаспадан қарлығаштың шырылдаған дауысы естіледі.*<br>*Бұл қай құстың дауысы?*<br>*Қарлығаш қандай құс?*<br>*Неліктен ұясын адамдар тұратын жерге салады?*<br>*Сыни ойлау. бала үні*<br>***Ой қозғау.*** | ***1. Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:*** *Оң жақта, сол жақта, ортасында.*<br>***Мақсаты:*** *Кеңістікті бағдарлай алады.*<br>*Ресурстар: Дидактикалық материалдар.*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Біздің топтың ұл-қыздары*<br>*Тату тәтті ойнайды.*<br>*Әлемдегі бар адамға*<br>*Тек жақсылық ойлайды*<br>*Бала үні.*<br>***Қызығушылықтарын ояту.Бір дыбыс естіледі.***<br>*Балалардың назарын үстел үстіндегі сиқырлы қалтаға аудару:*<br>*– Балалар дыбыс осы қалтадан шығып жатқан сияқты, сиқырлы қалтада не бар екенін білгілерің келе ме?*<br>*Ендеше қазір біз сиқырлы қалтаны ашып көреміз.*<br>*Мансұр келе ғой, енді сен көзіңді жұмып сиқырлы қалтадан қолыңа түскен заттың не екенін қолыңмен сипап біліп бізге айтасың.*<br>*Сиқырлы қалтадағы ойыншықтарды басқа балалар да алады да, бір қатарға орналастырады.*<br>*Балалар сиқырлы қалтандан қандай ойыншықтар шықты.*<br>*-Дұрыс,үй жануарлары.*<br>*Ал енді балалар, санап шығайық.*<br>***Ой қозғау. Реттік санау.*** | ***1.Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:***<br>*Қыста құстарға қамқор боламыз*<br>***Мақсаты:*** *Өлкеде қыстап қалатын құстар туралы түсінеді. Оларды атай алады.*<br>*Ресурстар: Құстар сурет, АҚТ технолог*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***1.Шаттық шеңбер***<br>***2.Мнемотехника*** *Қыс мезгілі*<br>***3.Тосын сәт.***<br>*Көгілдір экраннан Білмеспек шығады.. Білмеспек далада бір дыбысты естіген, бірақ ненің дыбысы екенін білмейді. Сендерден көмек сұрап келіп тұр.*<br>*-Көмектесеміз бе?*<br>***Ой қозғау. АҚТ технол Үнтаспа***<br>*Пед жет ойын: «Ненің дауысы»*<br>*Шарты: Құстарының дауысын тыңдату.*<br>*Балалар, сендер ненің дауысын естіп тұрсыңдар?Бала үні*<br>***Ой дамыту.***<br>***АКТ технологисымен құстар туралы түсінік беру.***<br>*Қандай құстарды көріп тұрсыңдар?*<br>*Қыста құстарға қалай қамқорлық жасаймыз?*<br>***Суықторғай*** *– жотасы қоңыр, кеудесі сұр, кішкентай құс. Олар үйірімен жүреді.*<br>***Торғай*** *– пайдалы құс. Ол зиянкес құрттар және дәнді* | ***1.Музыка***<br>***Тақырыбы: Аңдар айтысы***<br>***Мақсаты:*** *Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануарлардың қимыл-қозғалысын келтіре біледі.*<br>*Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>*Залдың іші қысқы орманның көрінісін бейнелейтіндей безендірілген*<br>*Балалар орман ішіне қойылған кедергілерден, қисық жолдардан өтіп, орындықтарға орналасады.*<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>*Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»*<br>*Жұмбақ жасыру.:*<br>*Халық «қу» деп,*<br>*Қылған күлкі,*<br>*Айласы көп, Бұл не?*<br>*Түлкі*<br>***Ән айту: «Аңдардың айтысы»*** *(Р.Наурызбаева, Ш.Құлманова).*<br>*Түлкінің әнін үйретіп, қимылдарын көрсету.*<br>*Келесі топ аю әнін айтып, әнмен бірге қорбандап жүру.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *1-топқа Қандай құстарды білесіңдер?*<br>*Қыстап қалатын құстарды білесіңдер ма?*<br>*2-топқа Құстардың қандай пайдасы бар?*<br>*Жыл құстары жайлы не айта аласыңдар?*<br>*3-топқа Құстарға қандай қамқорлық жасайсыңдар?Қыста адамдар құстарға қандай көмек көрсетеді?*<br>*4К моделі, бала үні, жетелекші сұрақтармен бақылау.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Ой дамыту.***<br>***АКТ технологиясы.Слайд.***<br>*Қыстап қалатын құстар: торғай, сауысқан, көгершін,қарға туралы түсінік беру.*<br>*Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.*<br>***Құрлымдалған ойын: «Топтастыру»***<br>***Шарты:*** *Қыстап қалатын құстар, жыл құстарын топтастыру.*<br>*Сыни ойлау, креативтілік, командамен жұмыс.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Қарлығаш боп ұшайық,*<br>*Торғай болып қонайық,*<br>*Сауысқан боп секіріп,*<br>*Бүркіт болып самғайық.*<br>*Қане қанат жазайық*<br>*Ұшып-ұшып алайық,*<br>*Орнымызға қонайық.*<br>*Пед жет ойын: «Құстар қалай дауыстайды?»*<br>*Қарға------ қарқылдайды*<br>*Сауысқан----- шақылдайды*<br>*Тоқылдақ --------тоқылдайды* | ***АКТ технологиясы.***<br>*Бейнетаспадан*<br>***Қарлығаш пен дәуіт ертегісін тамашалау.***<br>*Ертегі желісі арқылы сұрақтар қою.*<br>*Балалар ертегі сендерге ұнады ма?*<br>*Қарлығаш жардың қуысына не салды?*<br>*1-ші қай құстан көмек сұрады?*<br>*2-ші қай құстан көмек сұрады?*<br>*Қарға не деп айтады?*<br>*Алдынан не шығады?*<br>*Дәуіт не істеді?*<br>*Мазмұн арқылы саралау, 4К моделі, бала үні, жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Қатар-қатар тұрайық,*<br>*Қарлығашқа ұқсайық.*<br>*Қанатымызды кең жайып,*<br>*Ұшып-ұшып алайық*<br>***Ой дамыту.***<br>*Мақал-мәтел айту*<br>*Досы көпті жау алмайды,*<br>*Ақылы көпті дау алмайды.*<br>*Жақсы дос- жанға серік,*<br>*Жаман дос- малға серік.*<br>***Мағынасын түсіндіру.***<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>***Қортынды.***<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***2.Сурет салу*** | *Қанекей, реттік санап үйренеміз. Ол үшін мына ойыншықтарға назар аударыңдар?*<br>*Есептік және реттік санаудың сұрақтары "қанша?", "нешінші" болады.*<br>*Кезекпен санап шығайықшы. Бірінші не тұр? Екінші, үшінші, төртінші, бесінші деп жалғастырылады.*<br>*Сонымен балалар реттік санауды түсіндік пе?*<br>*Қайталап санап шығайық!*<br>*Пед жет ойын: «Жалғастыр»*<br>*Шарты: Сиыр нешінші тұр? ешкі?т. б жалғастырылып, білімдері пысықтау.*<br>***Ой дамыту.***<br>***Суретпен жұмыс***<br>*- Балалар суретте не көріп тұрсыңдар?*<br><br>*- Жоғарыда оң жақ бұрышында не тұр?*<br>*- Төменгі оң жақ бұрышында ше?*<br>*- Жоғарғы сол жақ бұрышында не көріп тұрмыз?*<br>*- Төменгі сол жақ бұрышында ше?*<br>*- Ал енді ортасында не тұр?*<br>*- Сонымен бүгін біз, реттік санаумен, жоғарыда оң жақ бұрышы, төменгі оң жақ бұрышы, жоғарғы сол жақ бұрышы, төменгі сол жақ* | *дақыл, нан қиқымдарымен қоректенеді.*<br>***Сарышымшық*** *– жылдам ұшатын құс. Кеудесі сары-жасыл, басы, тамағы қара, құйрығы мен қанаты көгілдір, қарны сары, ал желкесінде ақ дақ бар.*<br>***Суықторғай мен сарышымшық*** *жазда жәндік және жидектермен қоректенеді, түрлі дәнді дақылдар да – олардың қорегі. Қыста адамдарға жақын жерге ұшып келіп, олар жасаған жемсауыттардағы жемді шоқып жейді.*<br>***Тоқылдақ*** *– орман құсы. Ағаш қуысындағы зиянды жәндіктермен қоректенеді. Оны «Орман дәрігері» деп атайды. Орманда оның тоқылдатқан дыбысын естуге болады.*<br>***Көгершін (кептер)*** *– қала, ауылда адамдарға жақын мекендейді.Адамдар, балалар құстарға жемшашар жасап, оған нанның қоқымын, жем салып қамқорлық көрсетеді.*<br>*Мазмұн арқылы саралау, таксономиясы, сыни ойлау,комуникативтілік дағды, бала үні, жетелеуші сұрауқтармен бақылау.*<br>***Сергіту сәті****.*<br>*Ептеп, ептеп, жерден бидай терейік,*<br>*Тергеніңді торғайларға берейік.*<br>*Торғай, торғай томпаң-томпаң секірсін,*<br>*Шаршадың ба, отыра ғой деміңді ал.*<br>***Шығармашылық орталық.*** | *Тез, шапшаң қимылмен балаларға Кірпі жүрісін көрсетіп, ән айтқызу.*<br>*Аңдар хорын барлығы түгел айтады.*<br>*Мазмұн арқылы саралу, 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>***Құрлымдалған қим ойын: «Аю менқояндар».***<br>*Қояндар жеңіл музыка әуенімен көңілді секіріп жүріп, ұйқыдан оянған аюдың музыкасы дыбысында қаша жөнеледі.*<br>*4К моделі, бала үні.*<br>***Қортынды.***<br>*-Бүгін бізде қандай аңдар қонақта болды?*<br>*-Қай аңдардың әнін орындадыңдар?*<br>*-Орманда өткен сабақ ұнады ма?*<br>*Қорытындылау, бағалау, аңдарды жақсы сомдаған балаларды марапаттау.*<br><br>***2.Мүсіндеу***<br>***Тақырыбы:***<br>*«Торғай»*<br>***Мақсаты****: торғайдың өзіндік ерекшеліктерін келтіре отырып, мүсіндей алады.*<br>*Ресурстар: Торғай суреті, дидакт материалдар*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Бұлбұл – сайрайды*<br>*Қаз – қаңқылдайды.*<br>*Торғай – шиқылдайды.*<br>*Көкек – көкектейді.*<br>*Сыни ойлау, комуникативтілік дағды.*<br>***Қорытынды.***<br>***Сұрақтар ілмегі әдісі.***<br>*Бүгін не туралы әңгімелестік?*<br>*Қандай құстар жылы жаққа ұшып кетеді?Бала үні*<br>*Мадақтау.*<br>*Жұлдызша беру.*<br><br><br>***2.Музыка***<br>***Тақырыбы. Біздің оркестр***<br>***Мақсаты:*** *Шығарманы зейін қойып  тыңдауға, аспа дыбыстарын ажырата біледі*<br>*Оркестр  туралы мағлұматтарды түсінеді.*<br>*Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К  моделі, бала үні.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>*Балаларға* ***«Қазақ маршы»*** *(Е.Затаевич) әуеніне шеңбер бойымен жүруді ұсынады.*<br>*Шеңберден шықпай, тізбектеле жүруін, тұлғаларын түзу ұстап, бастарын көтеріп жүрулерін қадағалайды.*<br>*Асығып жүгіріп саспайық,*<br>*Көңілді жаттығуларды бастайық!*<br>***Ән үйрену: «Біздің оркестр»*** *әнін балаларға орындап береді.*<br>*Әнді зейін қойып тыңдатып, не туралы айтылатынын сұрайды.* | ***Тақырыбы:*** *«Тотықұс»*<br>***Мақсаты:*** *Құстың үлгісі бойынша пішінін, түсін ескере отырып бейнелей алады.*<br>*Ресурстар: Қошақан сурет, дидакт материалдар*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К  моделі, бала үні.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Шаттық шеңбер.****Армысың, Алтын күн,*<br>*Армысың, Жер ана.*<br>*Армысың, Көк аспан,*<br>*Армысың, жан досым*<br>*Жылуыңа жылу қос,*<br>*Міне менің қолым!*<br>*Бал үні*<br>***Ой қозғау. Әңгімелесу.***<br>*Балалар,қазір жылдың қай мезгілі?   сендер табиғаттан қандай өзгерісті байқадыңдар?*<br>*Сыни ойлау, бала үні*<br>*Пед жет ойын: «Тоты құсты тап»*<br>*Шарты: Суреттегі құстардан тотықұсты тауып беру.*<br>***Ой дамыту.***<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Балалардың назарларын суретке аудару.*<br>*Тотықұс туралы ақпарат беріп, таныстыру.*<br>*4К моделі, бала үні.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар сендерде осындай тотықұс* | *бұрышы, ортасы тақырыбын меңгеріп алдық.*<br>*4К моделі, бала үні*<br>*Жарайсыңдар!*<br>***Пед жет  ойын: «Кеңістікті бағдарлау»***<br>*Шарты:Тақтадағы үлгі бойынша тапсырманы орындау. Тақтаның жоғарғы жағына төртбұрыш, төменгі жағына дөңгелек, оң жағына үлкен үшбұрыш, сол жағына кішкентай үшбұрышты жапсыру.*<br>*Сыни ойлау, креативтілік, бала үні*<br>*Құрлымдалған ойын: «Жол картасын бейнеле»*<br>*Шарты: Берілген заттарды өз бағытына қоя білу.*<br>*Күн, гүл, тас, құс,су, шөп, бұлт*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, командада жұмыс, жанама бақылау, бала үні*<br>***Қорытынды.***<br>*-Балалар оқу қызметінде не істедіңдер?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br><br>***2.Қоршаған ортамен таныстыру***<br>***Тақырыбы:*** *«Құстың ұясы»*<br>***Мақсаты:*** *Құстар және олардың түрлерімен таныса  отырып, өз ойларын айта алады.*<br>*Ресурстар: Құстың ұясы, геометриялық пішіндер.*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К  моделі, бала үні.* | *Құрлымдалған ойын: «Құстарға дән»*<br>*Шарты: Құстарға дән дайындау.*<br>*Балаларға құс суреті салынған парақ тарату.*<br>*Мақта таяқшасы арқылы құстарға дән салу.*<br>*Жеке балаларға көмектесу.*<br>*Сыни ойлау, креативтілік, жанама бақылау.*<br>*Мадақтау.*<br>***6.Сұрақ – жауап әдісі арқылы аяқтау***<br>*Білмесбек сендерге рахмет айтып жатыр. Енді ол ненің дауысы екенін біледі.*<br>*Балалар  Білмесбекпен қоштасады.*<br><br>***3.Дене шынықтыру***<br>***Мақсаты:****Жалпы  даму жаттығуларын  және  негізгі қимыл – қозғалыс жаттығу-ларын  дұрыс  жасай  алады.*<br>*Ресурстар: Гимнас орындық, құм салынған қапшық, орамал*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К  моделі, бала үні*<br>***Кіріспе  бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен марш екпінімен жүру.*<br>*Шеңбер бойымен бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру.*<br>*Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.*<br>*Қол жанда, өкшемен жүру.*<br>*қолдарымен ұстап, отырып тұрып шеңбер бойымен жүру*<br>*Шеңбер бойымен еркін жүру.*<br>*1 сапқа тұру.* | ***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Біз бақшаға ризамыз,*<br>*Апайларға ризамыз.*<br>*Асыр салып ойнаймыз,*<br>*Өмірге де ризамыз!*<br>*(Г.Бектұрова)*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»*<br>*Шарты: Ұнтаспадан құстың дыбысын тыңдау.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Қандай құстың дыбыстарын есітіп тұрсыңдар?*<br>*Сыни ойлау, бала үні*<br>*Торғай көмек сұрап тұр. Досым жоқ. Маған дос керек дейді.*<br>*Көмектесеміз бе?*<br>*Бала үні.*<br>***«Жапалақ ойынын» ойнайық.***<br>*«Күн» дегенде құс болған балалар ұшады, жапалақ ұйықтайды, «түн» дегенде құстар ұйықтайды, жапалақ ұшады. Ұйықтамаған «құсты» ұясына алып кетеді .*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>***Торғайға көмек.***<br>***Мүсіндеудің әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.***<br>*Торғайдың дене құрылысына сипаттама беру.* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Әннің 1-шумағын орындап, балаларға қосылып айтуды ұсынады.*<br>*Мазмұн арқылы саралау, 4К моделі, бала үні*<br>***Әуенді-дидактикалық ойын: «Сырнай мен даңғыра»**. Ойын шартын түсіндіреді.*<br>*Балалардың имитация түрінде аспаптарда ойнау қимылын бірге көрсетулерін сұрайды, әнді ырғағымен, әндете айтуларын қадағалап, ескертеді.*<br>*Сыни ойлау, бала үні*<br>*Қортынды:*<br>*-Оркестрде қандай аспаптар ойнайды?*<br>*-Дирижер деген кім?*<br>*-Біздің оркестрімізде қандай аспаптар бар?*<br>*-Жаңа әннің сипаты, екпіні қандай? Сұрақтар қойып, оқу іс-әрекетін бекіту*<br><br>***3.Дене шынықтыру***<br>***Мақсаты.**Гимнастикалық қабырға жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу. басқа кішкентай қапшықтарды қойып ,заттарды аттап өте алады.*<br>*Ресурстар: Гимнас қабырға, құм салынған қапшық, таяқшалар.*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні*<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.*<br>*Шеңбер бойымен аяқты айқастыра жүгіру .* | *болғандарын қалайсыздар ма?*<br>*Олай болса тотықұс жасап алайық.*<br>***Топқа бөлу.***<br>*Оқу ортасы арқылы саралау.*<br>***Өз еркімен топқа бөлінеді.***<br>***Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін түсіндіру.***<br>*1-топ тотықұсты гуашь бояуымен бояйды.*<br>*2-топ тотықұсты саусақ арқылы бояйды.*<br>*Сыни ойлау, креативтілік, бала үні, жанама бақылау.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Кәне,қанат жазайық,*<br>*Тоты болып ұшайық.*<br>*Ұшып-ұшып алайық,*<br>*Қайта келіп қонайық.*<br>*Құрлымдалған ойын : «Біздің көрме»*<br>***Шарты:** Балалар бір-бірінің жұмысын бағалайды.*<br>***Сұрақ-жауап әдісі** арқылы қортындылау.*<br>*Бүгін қандай құспен таныстық?*<br>*Оның қандай дене мүшелері бар екен?*<br>*Тоты құсты немен боядыңдар?*<br>*Бала үні.*<br>*Мадақтау.*<br>*Жұлдызша беру.*<br><br><br>***3.Дене шынықтыру***<br>***Мақсаты:*** | ***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Дидактикалық жаттығу:***<br>*«Құстар сияқты ұшайық».*<br>***Миға шабул.***<br>*Балалар, егер сендердің қолдарына құс ұшып келіп қонса, не істер едіңдер?*<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>*Пед жет ойын: «Құстарды ата»*<br>*Шарты: Суретбойынша құстарды атау.*<br>***Ой қозғау.***<br>***«Құстың ұясы» әңгіме оқып беру, түсіндіру.***<br>*Әңгіме желісі бойынша балаларға сұрақ қою*<br>*Балалар ойнап жүріп нені көрді?*<br>*Ұяда не бар екен?*<br>*Балалар не істеді?*<br>*Балалапанды үйіне алып келгеннен кейін не болды?*<br>*Әкесінің сөзінен кейін балалар қайтті?*<br>*Балалардың жасағаны дұрыс па?*<br>*Балалар не істеу керек еді?*<br>*Мазмұн арқылы саралау.4К моделі, бала үні, жетелеуші сұраұтармен бақылау.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Ал, балалар , тұрайық,*<br>*Алақанды ұрайық.*<br>*Оңға қарай иіліп,*<br>*Солға қарай иіліп*<br>*Бір отырып, бір тұрып,*<br>***Топқа бөлу.***<br>*Оқу ортасы арқылы саралау.*<br>*1- ші топ геометриялық пішіндер арқылы құстарға ұя жапсырады.* | *1 саптан 4 звеноға тұру. / қатарға тұрарда себеттен бір орамалдан алу/*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау*<br>***Негізгі бөлім**:*<br>***Жалпы дамыту жаттығулар: /орамалмен/***<br>***Б. қ: «Мазақтау»***<br>***1.** Аяқтары алшақ қойылған , орамал қолда. Басты оң жақ, сол жақ иыққа қою. «А-я-я-я-й» сөзін айту. /6 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Маятник»***<br>***2.** Аяқтары алшақ қойылған , орамал белде. 1- тік тұрып қолды алға, 2- екі жаққа, 3- жоғары көтеру, 4-6 кезекпен түсіреді. / 6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: « Қаздар»***<br>***3.** Денені тік ұстау. Орамал қолда. Қолды тізеге ұстап отырып жүру. /5 р қайталау./*<br>***Б.қ.: «Биші орамал»***<br>***4.** Аяқтарын алшақ қою, қолдағы орамалды әр жаққа қозғап қимыл жасау./15-20 сек/*<br>***Б. қ.: «Теңіз толқыны»***<br>***5**. Аяқтарын алшақ қою, орамал төменде. Орамалды желпу, «Теңіз толқиды бір, теңіз толқиды екі» деп айтады, «Буырқанады, буырқанады» - орамалды тез желпу. «Сосын тына қалады» - жиырылып отыра қалу /6 р ./*<br>***Б.қ.: «Бала қораз»***<br>***6.** Аяқтарын алшық қою, орамалды алдыға созу. Тізені шапалақтай орнында жүгіру (15-20 секунд)*<br>***Б.қ.: «Балапан»*** | *Торғай немен қоректенеді?*<br>*Балалардың өз бетінше жұмысы.Жеке көмек көрсету.*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, креативтілік дағды, командада жұмыс.*<br>***Сергіту сәті***<br>*Кәне қанат жазайық,*<br>*Құс боп желмен ұшайық .*<br>*Ұшып –ұшып алайық,*<br>*Ұямызға қонайық .*<br>*Құрлымдалған ойын: «Торғай достары»*<br>*Шарты: жасаған жұмыстарын себетке салып торғайға беріп жіберу.*<br>*Балалар жұмыстарын қорытындылайды.*<br>***Қорытынды**.*<br>***Сұрақтар ілмегі әдісі.***<br>*Балалар біз торғайға қандай көмек бердік?*<br>*Бала үні*<br>*Балаларды мадақтау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Қол бүйірде, аяқтың сыртымен жүру.*<br>*Қол бүйірде, аяқтың ішімен жүру.*<br>*Қол жанда жиі және кең қадамдарды алмастыра жүру.*<br>*Шеңбер бойымен маршпен жүру .*<br>*1 сапқа тұру. (таяқшаларды үстел үстінен кезекпен алу)*<br>*1 саптан 4 звеноға тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім**:*<br>***Жалпы даму жаттығулары /таяқшамен/***<br>***Б.қ.: «Сағаттар»***<br>***1.** Аяқтары алшақ , таяқша белде. «Тик-так» сөзін айтып басты оңға, солға қозғалту. / 6 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Күш жинау»***<br>***2.**Аяқтар алшақ қойылған, таяқша кеуде тұсында. Таяқшаны жоғары көтеріп-түсіру. /6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Қайықшы»***<br>***3.** Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуде тұсына ұстайды. Таяқшаны «ескек» сияқты ұстап, еседі. Таяқшаны жоғары-төмен көтереді. /6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: ««Атлет»***<br>***4.** Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуде тұсына ұстайды, 1- отырады, арқаны түзу ұстап, екі қолмен таяқшаны алға қарай көтереді, 2- тұрып қолды төмен түсіреді. 3- б.қ. (6 рет қайталау)*<br>***Б.қ.: «Өрмелеу»*** | *Қимыл-қозғалысы белсенділігін артады*<br>*Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүреді, допты бір-біріне төменнен лақтырып және қағып алады.*<br>*Ресурстар: Бөрене, доп, жалаушалар*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні*<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен марш екпінімен жүру.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру.*<br>*Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.*<br>*Қол жанда, өкшемен жүру.*<br>*Ұшақ болып ұшу.*<br>*Шеңбер бойымен еркін жүру.*<br>*1 сапқа тұру. / сапқа тұрарда себеттен екіден жалауша алу/*<br>*1 саптан 4 звеноға тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім**:*<br>***Жалпы даму жаттығулары. /жалаушамен, әуенмен/***<br>***Б.қ.: «Қызыл -жасыл»***<br>***1.** Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны кеуде тұсына ұстау. 1- «қызыл» дегенде қызыл* | *2-ші топ қиылған бөлшектер-ден белгілі бір құстың суретін құрастырады.*<br>*Өнім арқылы саралау, креаивтілік, командада жұмыс,сыни ойлау, жанама бақылау.*<br>*2 топқа жұлдызша беру.*<br>*Құрлымдалған ойын: «Құсты ұясына қондыр»*<br>*Шарты. Балалар жасаған құсты ұяға қондыру.*<br>***Қорытынды.***<br>*Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.*<br>*Бүгін біз не туралы айттық?*<br>*Құстарға қалай қамқорлық жасаймыз?*<br>*Құстардың қандай пайдасы бар?Бала үні*<br>*Балаларды мадақтау.* | ***7.** Денені тік ұстап тұру. Дабыл бойынша орамалды айнала аяқ ұшымен жүгіру. (15-20 секунд)*<br>***Қорытынды:***<br>*4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру. /орамалды себетке салу/ шеңбер бойы жүру. Маршпен жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*«Ботқа пысты» - мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. (пsyх- пыых)*<br>*Бастапқы қалыпқа келу.*<br>*4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.*<br>***Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары.***<br>*1.3м арақашықтықтан нысанаға қапшықты қолмен оң және сол иықтан лақтыру. ·*<br>*2.Арқасына қапшық қойып,гимнастикалық орындық үстімен еңбектеу.*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, командада жұмыс, жаппай бақылау.*<br>***Қимылды ойын:***<br>***«Жаяу көкпар»***<br>***Мақсаты:** балаларды шапшандыққа үйрету,өзара достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.*<br>***Қортынды:***<br>*Балаларды мадақтау.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***5.*** *Аяқтарын алшық қою, таяқша жанында тік ұстайды. 1- 4 отырып қолдарын кезектестіріп таяқшаның басына дейін көтеріледі. 5- б.қ. /6 рет қайталау./*<br>***Б.қ.: «Құтқарушы таяқшасы»***<br>***6.*** *Аяқтарын алшық қою, таяқша жанында жерде. 1 - екі қолмен таяқшаны ұстап, 2-3 серіппелі қимылмен отырып - тұру. 4- б.қ. (6 рет қайталау)*<br>***Б.қ.: ««Бұғы»***<br>***7.*** *Аяқтарын түзу ұстайды. Таяқшаны желкеге қойып, екі аяққа кезекпен құлай жүгіру . (15-20 секунд)*<br>***Қорытынды:***<br>*4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру.*<br><br>*таяқшаларды үстел үстіне қою бір саппен шеңбер бойы жүру. Маршпен жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*«Жұпар гүл» - мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.*<br>*4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1. Гимнастикалық қабырға жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу.*<br>*2.Басқа кішкентай қапшықтарды қойып, заттарды аттап өту.*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, командада жұмыс, жаппай бақылау.*<br>***Қимылды ойын: Айдаһардың құйрығы»*** | *жалаушаға мойынды бұрамыз, 2- б.қ. 3- «жасыл» дегенде жасыл жалаушаға мойынды бұрамыз. /6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Жол бағдарлаушы»***<br>***2.*** *Аяқтары бірге, жалаушалар жанда. 1- оң қолдың шынтағын сол жаққа, 2- оң қолдың шынтағын алдыға сәл бүгу. 3- б.қ. 4- 5 сол жақ қа да қайталанады. /6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Шаңғышы»***<br>***3.*** *Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Шаңғышының жүрісін салу. /6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Барабан»***<br>***4.*** *Аяқтарын алшық қою, жалаушалар екі қолда. Бір орында жүру. Қолдары кеуде тұсында, жалаушамен «барабанды» кезек соғу. /6 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Жұлдызша»***<br>***5.*** *Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және жалаушаны белге қою, «хоп» деп айту. /6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Отыр-тұр»*** | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Мақсаты:*** *Балалардың дене қимылдарын жетілдіре отырып бірлесе қимылдауға,үйрету.*<br>*Сыни ойлау, командамаен жұмыс.*<br>*Балаларды мадақтау.* | ***6****. Аяқтарын біріктіреді. Жалауша белде. 1- жалаушаны алдыға созады, 2- отырады. 3- б.қ. (6 рет қайталау.)*<br>***Б.қ.: «Көңілді жалауша»***<br>***7.*** *Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар белде; 8- рет маршпен жүру, 10- рет секіру.*<br>***Қорытынды:***<br>*4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру.жалаушаларды себетке салу/ бір саппен шеңбер бойы жүру. Маршпен жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*Шар үрлеу мұрынмен дем алып,ауыздан демді шығару.*<br>*Бастапқы қалыпқа келу.*<br>*4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1 Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүру.*<br>*2.Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, командада жұмыс, жаппай бақылау.*<br>***Қимылды ойын:«Аңшы»***<br>***Мақсаты:*** *балаларды шапшаңдыққа,ұйым-шылдыққа үйрету.* | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Сыни ойлау,*<br>*командамаен жұмыс.*<br>***Қортынды.***<br>*Балаларды мадақтау.* | | | |
| **Серуенге дайындық** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| **Серуен:** | ***Серуен №14***<br>*Транспортты бақылау.*<br>*4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.* | ***Серуен № 15***<br>*Қысқы ауа-райын бақылау.*<br>*4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.* | ***Серуен № 16***<br>*Қарғаны бақылау.*<br>*4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.* | ***Серуен № 17***<br>*Адамдардың қысқы киімін бақылау.*<br>*4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.* | ***Серуен № 18***<br>*Мұздақты бақылау.*<br>*4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.* |
| | ***ҚЫСҚЫ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫ.*** *( картотека қосымша тігілген)* | | | | |
| **Серуеннен оралу** | ***Ойын- жаттығу***<br>*Сырттан келіп үнемі,*<br>*Сабынмен қол жуамыз,*<br>*Таза болды мұнтаздай,*<br>*Тағамға қол созамыз.Бала үні*<br>*Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.*<br>*Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | ***Дәстүрден тыс сурет салу «Торғайға көмек»***<br>***Тосын сәт.***<br>*Торғай ұшып келеді.*<br>*Балалардан көмек сұрайды.*<br>*Досым жоқ. Маған дос торғайлар керек дейді.*<br>*Көмектесеміз бе?*<br>***Торғайға көмек***<br>*Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсету, түсіндіру.*<br>*Трафаретпен жұмыс жасауды түсіндіру.*<br>*Балалардың өз бетінше жұмысы. Бақылау.*<br>***«Біздің көрме»***<br>*Балалардың жұмысын бағалау.*<br>*4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.*<br>***Жеке баламен жұмыс***<br>***Педагог жоспары бойынша***<br><br>***Еркін ойын***<br>***Жанама бақылау.*** | ***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Топқа қозы келеді.***<br>*Балалармен амандасады.*<br>*Балалар қошақан неге көңілсіз деп ойлайсыңдар?.*<br>*Балалар қозы айтады, менде дос жоқ,жалғыз ойнағым келмейді дейді.*<br>*Олай болса біз оған дос табуға көмектесейік.*<br>*Қағаздан бірнеше қошақан құрастырайық. Келісесіңдер ме?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>***Топқа бөлу.***<br><br>***1-топ*** *қозының сұлбасын бастырып сызып, қағазды жырту әдісі арқылы үстіндегі жүнін жапсырады.* | ***Қызығушылықтаын ояту.***<br>***Тосын сәт. Тауық келеді.***<br>*Балалар тауықпен амандасады.*<br>*Балалар қонаққа келген тауық өте мазасызданып тұр, не болғанын тауықтан сұрап көрейік. (балалардың назарын тауыққа аударады.)*<br>*-Балалар тауық бізге келе жатып балапандарынан адасып қалыпты, тауықтың балапандарын табуға көмектесеміз бе?*<br>***Топқа бөлу.***<br>*Тауық,балапан суреті арқылы топқа бөлу.*<br><br>***1-топ*** *тауық тобы балапанды сары гуашпен бояйды.* | ***Дәстүрден тыс сурет салу.***<br>***Жазғы ағаштар***<br>*Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен таныстыру. Қырыққабат жапырағынан жазғы ағаш келбетін қағаз бетіне түсіру*<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Өсіп тұрған бұл не?*<br>*Жаз болса жайнап,*<br>*Саясында ән салып.*<br>*Құстар жүрген сайрап,*<br>*Салқын түссе-шешіліп,*<br>*Қалады өзі жайрап. (ағаш)*<br>***Жұмыс жасауда сурет дәстүрден тыс әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету.***<br>*Қырыққабат жапырағына бояуды губкамен жағу. Бояу жағылған жапырақты қағаз бетіне бастыру.* ***«Біздің көрме»*** *балалардың жұмысын қортындылау.* | ***Тосын сәт топқа құтың құшып келуі.***<br>***Балалар мына құс неге шырылдап ұшып жүр. Біз оған қандай көмек бере аламыз.***<br>***Миға шабул.***<br>***Жұмбақ жасыру.*** *Тал басында тамаша үй ( ұя )*<br>*Жарайсыңдар балалар,*<br>*осы ұяда нелер мекендейді?*<br>*Құстарға ұя не үшін қажет?*<br>***Топқа бөлу.***<br>***1-топ*** *түрлі түсті қағаздан ұя жапсырады*<br>***2-топ*** *тарелкі ішіне түрлі түсті қағазды қиып жапсырады.*<br><br>*Балалардың жұмысын бақылау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***2-топ*** *қозының сұлбасының үстіне клей жағып, мақтаны қозының үстіне жапсырады.*<br><br>*Балалардың жұмысын бақылау.*<br>*Жеке көмек көрсету.*<br>***Галерея шаралау.***<br>*Бір бірінің жұмыстарын бағалау.*<br>*Жасаған жұмыстарын қозыға беру.*<br>*Қозы қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады.*<br>*4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.*<br>***Жеке баламен жұмыс***<br>***Педагог жоспары бойынша***<br><br>***Еркін ойын***<br>***Жанама бақылау.*** | ***2-топ*** *балапанды саусақ арқылы бояйды.*<br>***3-топ.*** *балапан сұлбасын дән арқылы беру.*<br><br>*Балалардң жұмысын бақылау.*<br>*Тауыққа балапандарды сыйлау.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалардың жұмысын қорытындылау.*<br>*4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.*<br>***Жеке баламен жұмыс***<br>***Педагог жоспары бойынша***<br><br>***Еркін ойын***<br>***Жанама бақылау.*** | *4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.*<br>***Жеке баламен жұмыс***<br>***Педагог жоспары бойынша***<br><br>***Еркін ойын***<br>***Жанама бақылау.*** | *Жеке көмек көрсету.*<br><br>***Қорытынды.***<br>*Сұрақтар қою.*<br><br>*4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.*<br>***Жеке баламен жұмыс***<br>***Педагог жоспары бойынша***<br><br>***Еркін ойын***<br>***Жанама бақылау.*** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | *Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Ата-аналарға балалардың жасаған шығармашылық жұмыстарымен таныстыру. Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы төлек керек екенін ескерту*<br>*Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | | | | |

***ЦИКЛОГРАММА***
***IY апта Қаңтар 2021ж***
***Ересек тобы***

***Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»***
***Тақырыпша. «Ғажайып қыс»***

| *Күн тәртібі* | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | *Тәрбиешінің балалармен қарым- қатынасы: балабақша туралы түсініктерін қалыптастыру , ата-аналармен , балалармен әңгімелесу, қарым – қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Бала тәрбиесі жайлы. Үйде бала тәрбиесіне ырым-тыйымдарды қолданасыз ба? Ата-аналармен ашық әңгіме.* | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | ***Картотека №16*** *Құрлымдалған ойын: «Телефон» Мақсаты: Ойын арқылы естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізе алады. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау* | ***Картотека №19*** *Құрлымдалған ойын: «Қысқы тіршілік» Мақсаты: қыстап қалатын құстардың жеке атауын атап, оларды ажырата алады. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау* | ***Картотека №3*** *Құрлымдалған ойын: «Затты сипаттау» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттай алады. 4К моделі, бала үні, жанама бақылау* | ***Картотека №12*** *Құрлымдалған ойын: «Не артық?» Мақсаты: Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруды, суретте тұрған артық затты тауып, сипаттама бере алады 4К моделі, бала үні, жанама бақылау* | ***Картотека №20*** *Құрлымдалған ойын: «Сән ательесі» Мақсаты: балаларды суреттен көрген киімдердің аттарын атап, киімдермен ұлттық киімдерді ажыратып топтастыра алады.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *4К моделі, бала үні, жанама бақылау* |
| | ***Т АНЫМ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН.*** *(Картотека қосымша тігілген)* | | | | |
| **Таңертеңгі гимнастика** | ***Қаңтар айының 4 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*** | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*<br>***Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.***<br>*Күн шуағын жинаймын.*<br>*Достарыма сыйлаймын.*<br>*Күн жылуын аямасын,*<br>*Шуағымен аяласынБала үні* | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері** | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:*** *«Қар жамылған ағаштар»*<br>*(сурет бойынша әңгімелеу)*<br>***Мақсаты:*** *Сурет бойынша әңгіме құрастыра алады.*<br>*Ресурстар: Тақырып бойынша сурет, АҚТ технологиясы.*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Жарқырап күнде ашылды*<br>*Айналаға нұр шашылды.*<br>*Қайырлы күн!*<br>*Біз көңілді баламыз!*<br>*Қайырлы күн!*<br>*Біз сүйкімді баламыз!*<br>***Балалармен әңгімелесу.***<br>*-Қыс мезгілінде неше ай бар?* | ***1.Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:*** *Көңілді қыс*<br><br>***Мақсаты:*** *Қыс мезгілі туралы түсіне отырып, қыс мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін ажыратып айта алады.*<br><br>*Ресурстар: Тақырып бойынша сурет, АҚТ технологиясы.*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>*Балалармен амандасу.*<br>***Ширату әдісі.***<br>***Тосын сәт.***<br>*Аққала қонаққа келеді.*<br>*Аққала: Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен сендермен ойнауға, сендердің өнерлеріңді тамашалауға келдім. Мына* | ***1.Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:*** *Заттардың кеңістікте орналасу тәуелсіздігі. Геометриялық пішіндер.*<br>***Мақсаты:****Заттардың кеңістікте орналасуын өз ойымен айта алады.*<br>*Ресурстар: Тақырып бойынша сурет, АҚТ технологиясы.*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Аспан түрді түндігін,*<br>*Жерге сәуле таратты.*<br>*Неткен ашық күн бүгін,*<br>*Қайырлы таң, қайырлы күн!*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*- Балалар, сендер ертегі көргілерің келеді ме?*<br>*- Әрине көргіміз келеді* | ***1.Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:*** *Біздің өлкеге қыс келді*<br>***Мақсаты****:Қысқы табиғат құбылыстары қардың жауғаны аяз туралы түсініп,, берілген сұрақтарға жауап бере алады.*<br>*Ресурстар: Тақырып бойынша сурет, АҚТ технологиясы.*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***1.Мнемотехника арқылы қыс мезгілін айту.*** | ***1.Орыс тілі***<br>***Тема: «Зима»***<br>***Цель:*** *закрепить знания детей по предыдущей теме, продолжать развивать понимание русской речи.*<br>***Сюрпризный момент:***<br>*-Ребята, посмотрите, кто к нам пришел?*<br>*-Из чего делают снеговика?*<br>*-А когда бывает снег?*<br>*-Значит, скоро наступит зима и станет очень холодно.*<br>*Ребята, снеговик хочет научить вас рассказывать о зиме, потому что он очень любит зиму.*<br>***Вступительная беседа о зиме*** *(по иллюстрации) с проговариванием слов и выражений по теме:* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Енді айналаға, далаға қараңдаршы қандай болып жатыр<br>Сыни ойлау, комуникативтілік дағды,бала үні.<br>**Ой дамыту.**<br>**АКТ технолоиясы.**<br>Бейнетаспа қыс мезгілі.<br>Балаларға әңгімелету.<br>**Ашық сұрақтар қою.**<br>Қыста ауа райы қандай болады?<br>Суретте балалар немен сырғанап жүр?<br>Адамдар қалай киінеді екен?<br>Мазмұн арқылы саралау, Сыни ойлау, бала үні<br>**Әнуарбек Дүйсенбиетің «Қыс» өлеңін оқып беру.**<br>Аппақ, аппақ жапалақтап<br>Қар жауады тынбастан<br>Қалың орман қар жамылған<br>Маужырайды қысқы орман<br>**Сұрақтар ілмегі.**<br>Өлең не туралы айтылған?<br>Қыста ағаштар қандай болады?<br>Терезеден ағаштарды бақылау.<br>4к моделі, бала үні, жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау<br>**Сергіту сәті**<br>Тоңса біздің қолымыз,<br>Қолғап кйіп аламыз.<br>Сарт-сарт-сарт<br>Шапалақты соғамыз.<br>Етік киіп аламыз<br>Топ-топ-топ<br>Топылдатып билейміз<br>Тоңса біздің денеміз<br>Тонды киіп аламыз<br>Зу -зу -зу | сандықшаның ішінде сендерге арналған сыйлықтарым және тапсырмаларым бар.<br>**Топқа бөліну.**<br>Оқу ортасы арқылы саралау.<br>1-топ .Шырша тобы<br>2-Топ. Қысқы ағаш тобы.<br>Құрлымдалған ойын: «Қар жинау»<br>Шарты: Екі топ мақтадан жасалған қарды жинап, себетке салудан жарысады.<br>**Ой дамыту.**<br>**Суретпен жұмыс.**<br>«Қыс қызығы»<br>1-тапсырма<br>Шырша тобына сұрақ.<br>Балалар сендерге қыс мезгілі ұнай ма?<br>Қыс мезгілінің ұнайтын және ұнамайтын жақтарын атаңдар?<br>**2-тапсырма.**<br>**Қысқы ағаш тобына сұрақ.**<br>Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын атаңдар,<br>Қысқы ойын түрлерін атаңдар?<br>Пед жет ойын: «кім тапқыр?»<br>Жұмбақ жасыру.<br>Дорбаға тығып бас жағын,<br>Байлай салдым қос жағын.<br>**(Тымақ)**<br>Іші – егіс<br>Сырты – тегіс. **(Тон)**<br>Бес ін, бес інің<br>Аузы бір ін. **(Қолғап)**<br>Қара құрым жайлы өзі кигенінде,<br>Іздері жоқ біздің де, түйменің де. **(Пима)**<br>Бұлар қай мезгіл киімдері | - Ендеше экранға назар аударайық, қазір біз «Санауды білетін лақ» ертегісін тамашалаймыз.(ертегіні көру)<br>Ертегі сендерге ұнады ма?<br>Ертегідегі ақ лақ ақылды екен, ол санай білгендіктен жануарларға көмегін тигізді.<br>Мазмұн арқылы саралу, сыни ойлау, бала үні.<br>**Ой қозғау.**<br>Ертегідегі кейіпкерлерді санау және сол санның таңбасын көрсету<br>1 – ақ лақ (сан таңбасын<br>2 – Бұзау<br>3 – Сиыр<br>4 - Әтеш<br>5 – Жылқы<br>(1, 2, 3, 4, 5 сан таңбаларын көрсетеді)<br>Балалар қайықта неше жануар болған?<br>- Бес жануар болған. Жарайсыңдар!<br>Балалар сендерге ертегідегі жануарлардың тапсырмалары бар екен, орындауға дайынбыз ба?<br>Бала үні.<br>**Ақ лақтың 1 – тапсырмасы**<br>**Суретпен жұмыс**<br>Пед жет ойын: «Цифрлар қайда жасырынған»<br> | <br><br>Мазмұн арқылы саралу, Блум таксономиясы.<br>**2. Ой дамыту.**<br>**Суретпен жұмыс.**<br><br>Қыс мезгілі.<br>Сұрақ жауап<br>-Далада ауа райы қандай?<br>Қыс мезгілінде ауа – райы қандай болады?<br>Қар қайдан жауады?<br>Қардың түсі қандай?<br>Ал сендер қандай қысқы ойындарды білесіңдер? ойнайсыңдар?<br>-Біз қалай киінеміз?<br><br>Пед жет ойын: «Қысқы киімдерді ата»<br>Шарты: Сурет бойынша киім атауларын атау.<br><br>– Қыста күн суық болады. Айнала аппақ қар. Өзендегі су мұз болып қатып қалған. Адамдар жылы киінеді. | -Какое время года изображено на картинке?<br>-Что делают дети зимой?<br>-Кто вылепил снеговика?<br>- Какой бывает зимой снег?<br>Педагог дает пояснение, если дети затрудняются отвечать.<br>На земле лежит белый снег. Дети одеты тепло, потому что зимой холодно. Они играют на снегу, катаются с горки на санках. Из снега дети вылепили снеговика.<br>**Словесная игра «Наоборот».**<br>Педагог называет слова на каз. языке, дети говорят эти же слова на русском языке (игра проводится с мячом).<br>**Физминутка «Танец снеговика»**<br>**Д/игра: «Расскажи»**<br>**С**оставить описательный рассказ по образцу с помощью педагога.<br>Это зима. Зимой идет снег. Зимой погода бывает холодная, морозная. Люди одеваются тепло. Зимой дети катаются на санках и лепят снеговика.<br>**Задание « Нарисуй снеговика».**<br>**Д/игра «Да – нет»**<br>Зимой мы купаемся в речке?<br>Одеваемся тепло?<br>Катаемся на санках, лепим снеговика?<br>Зимой мы одеваем шорты, панамку, сандалии?<br>Зимой растут цветы и деревья? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Шанамен зулаймыз,*<br>*Пед жет ойын: «Ия, жоқ»*<br>*Ойын шарты: Педагог табиғат құбылыстарына байланысты сөздер айтады, егер қыс мезгіліне байланысты болса шапалақтап ия деу керек.*<br>*Мадақтау.*<br>*Құрлымдалған ойын«Қысқы пейзаж»*<br>*Шарты: Суреттерден қыс мезгілін құрастыру.*<br>*Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні, жанама бақылау.*<br>***Қорытынды.***<br>*Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*<br>*Жұлдызша беру арқылы мадақтау.*<br><br>***2.Музыка***<br>***Тақырыбы: Аңдар айтысы***<br>***Мақсаты:***Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануарлардың қимыл-қозғалысын келтіре біледі.*<br>*Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>*Залдың іші қысқы орманның көрінісін бейнелейтіндей безендірілген*<br>*Балалар орман ішіне қойылған кедергілерден, қисық жолдардан өтіп, орындықтарға орналасады.*<br>***Қызығушылықты ояту.*** | *4К моделі, бала үні, жанама бақылау.*<br>***Сергіту сәті***<br>*-Қыс мезгілінің ерекше-ліктерін білеміз бе?*<br>*-Ендеше,боран соққанын қимылмен қалай көрсетеміз?*<br>*-Қатты аяз болып,тоңғанда не істейміз?*<br>*-Ал күн шыққанда не істейсіндер.*<br>*Жарайсыңдар балалар*<br>***Ой дамыту.***<br>***Құрлымдалған ойын: «Аққала»***<br>***Шырша тобы.***<br>*Мозайка арқылы құрастырады.*<br>***Қысқы ағаш тобы.***<br>*Қиылған суреттерден аққаланы құрастырады.*<br>*Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні, жанама бақылау.*<br>***Қорытынды.***<br>*Аққала балаларға рахмет айтып қоштасады.*<br>***Сұрақтар ілмегі.***<br>*Балалар бүгін не туралы әңгімелестік?*<br>*Қыс мезгілі ұнайма сендерге?*<br>*Мадақтау.*<br><br>***2.Сурет салу***<br>***Тақырыбы:*** *«Аққала»*<br>***Мақсаты:***Заттардың пішінін бейнелеу дағдыларын ескере отырып, аққаланың суретін сала алады.*<br>*Ресурстар: Тақырып бойынша сурет, дидак материалдар*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.* | *Құрлымдалған ойын: «Ойыншықтар»*<br>*Шарты: Геометриялық пішіндерден ойыншықтар құрастыру.*<br><br>***Бұзаудың тапсырмасы***<br>*Пед жет ойын: «Теңестір»*<br>*Сендердің алдарыңда екі жолақты карточка бар, карточканың жоғарғы жолағына 3алмұрт, төменгі жолағына 2 алма қойып шығыңдар.*<br>*Қайсысы көп, оларды қалай теңестіруге болады?*<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>***Сиырдың тапсырмасы бойынша (бой сергіту)***<br>*Тауға шықсаң қалың қар,*<br>*Сайға түссең қалың қар.*<br>*Шырша үсті қалың қар,*<br>*Ұйықтап жатқан аю бар.*<br>***Әтештің тапсырмасы***<br>*Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»*<br>*Логикалық есептер.*<br>*Тарелкеде бес алма бар, оның екеуін досыма бердім, айтшы сонда тәрелкеде неше алма қалды?*<br>*Тауықтың үш ақ балапаны және бір сары балапаны бар, олардың барлығы неше балапан болады?*<br>*4К моделі, бала үні*<br>***Жылқының тапсырмасы:***<br>*Құрлымдалған ойын: «Жоқ пішінді тап»*<br>*Шарты: қандай пішін жетіспейтінін тауып қою.* | *Ағаштар жапырақсыз. Олар қыста өспейді, ұйқыға кетеді. Шырша мен қарағай ғана жап-жасыл болып тұрады. Аспан түнеріп тұрады. Қар әртүрлі болып жауады. Аязды күндері жауған қар бір-біріне жабыспайды. Ал сәл жылы кезде жауған қар жабысқақ. Ондай қардан аққала соғуға болады*<br>*4К моделі, бала үні*<br>***3. Қызығушылықты ояту***<br>***Олай болса бүгін мен сендерді сиқырлы орманға апарамын.***<br>*Балалар, сендер көздеріңді жұмыңдар мына таяқшаны үш рет сермесем,орманға тез барамыз.*<br>*Орманға келу.*<br><br>*Балалар бұл сиқырлы орман.*<br>*Балалар, қараңдаршы орман қандай?*<br>*«Қар неліктен жұмсақ?»*<br>*Неге орман тым-тырыс?*<br>*Қысқы орман келбеті қандай?*<br>*Біз шаршап қалған сияқтымыз сергіп алайық.*<br>***4.Сергіту сәті:***<br>*Боран соғар оң жақтан.*<br>*Боран соғар сол жақтан,*<br>*Қар лақтырып ойнаймыз,*<br>*Су ағады қолғаптан.* | ***2. Жапсыру***<br>***Тақырыбы****:* *«Қысқы көрініс»*<br>***Мақсаты:*** *Қағаз бетінде бейнелерді құрастыру, одан кейін оларды желімдеу дағдыларын жасай алады.*<br>*Ресурстар: Тақырып бойынша сурет, қолданатын материалдар.*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Армысың Алтын күн*<br>*Армысың көк аспан,*<br>*Армысың,қайырымды Жер Ана*<br>*Армысың менің достарым!*<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>***Есік қағылып пошташы хат әкеп береді.***<br>*Хатты оқу.*<br>*Сәлеметсіңдер ме,балалар.*<br>*Құрметті балалар бұл хатты сендерге ыстық елдің балалары жазып отыр.Біздің елде қыс мезгілі болмайды.*<br>*Сондықтан біз сендерден қыс туралы білгіміз келеді.*<br>*Сендер көмектесесіңдер ме? Қыс туралы,қар туралы айтып бересіңдер ме?* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>Жұмбақ жасыру.: Халық «қу» деп,<br>Қылған күлкі,<br>Айласы көп, Бұл не? Түлкі<br>**Ән айту: «Аңдардың айтысы»** (Р.Наурызбаева, Ш.Құлманова).<br>Түлкінің әнін үйретіп, қимылдарын көрсету. Келесі топ аю әнін айтып, әнмен бірге қорбандап жүру.<br>Тез, шапшан қимылмен балаларға Кірпі жүрісін көрсетіп, ән айтқызу.<br>Аңдар хорын барлығы түгел айтады.<br>Мазмұн арқылы саралу, 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.<br>**Құрлымдалған қим ойын: «Аю менқояндар».**<br>Қояндар жеңіл музыка әуенімен көңілді секіріп жүріп, ұйқыдан оянған аюдың музыкасы дыбысында қаша жөнеледі.<br>4К моделі, бала үні.<br>**Қортынды.**<br>-Бүгін бізде қандай аңдар қонақта болды?<br>-Қай аңдардың әнін орындадыңдар?<br>-Орманда өткен сабақ ұнады ма?<br>Қорытындылау, бағалау, аңдарды жақсы сомдаған балаларды марапаттау.<br><br>**3. Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты.** Сапта жүру, белгі бойынша тоқтап жүру | **ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Қуан, шаттан алақай!<br>Қуанатын күн бүгін<br>Күліп шықты күніміз,<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>Жұмбақ жасыру.<br>Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы Қыста қардан туатын, Тауып көрші сен оны (Аққала)<br>**Ой дамыту.**<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**Ашық сұрақтар қою.**<br>Балалар, мына суретте не бейнеленген?<br>Аққаланың түсі қандай?<br>Ал, аққаланы неден жасаймыз? Жылдың қай мезгілінде жасаймыз?<br>Пед жет ойын: «Аққала пішіндері»<br>Ойын шарты: Аққала қандай пішіндерден тұратынын ретімен айту.<br>Сыни ойлау, комуникативтілік дағды,<br>**Топқа бөлу.**<br>Оқу ортасы арқылы саралау.<br>Ресурстар арқылы.<br>1-топ аққаланы мақталы дисканы жапсырып,бояйды.<br>2-топ аққаланы уамаждалған қағазбен бояйды.<br>Жеке көмек.<br>Креативтілік, командамен жұмыс, сыни ойлау, бала үні<br>**Сергіту сәті.**<br>Домалатып ақ қарды,<br>Ұлпа қарлар жинаймыз. | <br>Сыни ойлау, креативтілік дағды, бала үні<br>**Қорытынды**.<br>-Балалар, қандай ертегі қарадыңдар?<br>-Ақ лақ неше дейін санап біледі екен?<br>Қандай тапсырмалар орындадыңдар?<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:**Шырша ағашы.<br>**Мақсаты:** Фетр материалынан шыршаны құрастыра алады. Бөліктерді біріктіру үшін желімдерді пайдалануды біледі.<br>Ресурстар: Шырша суреті, қажет құралдар.<br>Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Тосын сәт.**<br>Қоян келеді.<br>Қолында шырша суреті.<br>**Ой қозғау**<br>Балалар қоян сендерден шыршаны безендіруді үйренгісі келеді диді.<br>Біз оған үйретеміз бе?<br>Шыршаның түсі қандай болады?Бала үні.<br>**Ой дамыту.**<br>**АКТ технологиясы.** | **Біздің қайтатын уақытымыз келді.**<br>Енді балалар мен сиқырлы таяқшаны сермесем көзді ашып жұмғанша тобымызға жетеміз.Балабақшаға оралу.<br>Балалар сендерге саяхат ұнады ма?<br>**Топтық жұмыс.**<br>Құрлымдалған ойын: «Қысқы пейжаз»<br>Шарты: Қиылған суреттерден қыс көрінісін құрастыру<br>4К моделі, бала үні<br>**Қортынды**<br>Қыс мезгілі сендерге несімен ұнайды?<br>Сендер қыс мезгілі жайлы көп біледі екенсіңдер.<br>Орманға саяхатқа шыққан мағанда ұнады.Сендерге көп көп рахмет.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**3. Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**<br>Кішкентай доппен кегельдер арасында ирелеңдеп жүгіруді, гимнастикалық орындық үстімен,қолды белге қойып жүре алады.<br>Ресурстар: Доп, кеглилер,гимнас орындық<br>Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні<br>**Кіріспе бөлімі:**<br>**Балалармен амандасу**<br>«Орман аңдары»<br>1. «Аю» | Сыни ойлау, бала үні.<br>**Ой дамыту.**<br>Балалар арнайы түсірілім жасайық. (видеоға түсіру).Сосын сол түсірілімді таспаға жазып жолдап жіберейік жарайма?<br>**Ой қозғау.**<br>Қыс мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>Қандай қыстық ойындарды білесіңдер?<br>Қыс мезгілінде не жауады? Бала үні.<br>**Ой дамыту.**<br>Балалар, енді достары-мызға қыс мезгілінің суретін салып берейік.<br>Оқу ортасы арқылы саралау.<br>**Топқа бөлу.**<br>пішіндер арқылы.<br>**Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсету, түсіндіру.**<br>1-Үшбұрыш тобы түрлі түсті қарандашпен қыс көрінісін салады.<br>2-топ бояумен қыс көрінісін бояйды.<br>Жеке көмек көрсету.<br>Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні, жанама бақылау.<br>**Сергіту сәті (саусақ жаттығуы) :**<br>Қолды үстелге қоямыз,<br>Саусақтарды санаймыз:<br>1, 2, 3, 4, 5<br>5,4 , 3 , 2 ,1<br>Екі қолды біріктір. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындалып тұрған әрекеттерді айтып беріңдер.<br><br>Е.Пермяктың «Қолдар не үшін керек?» әңгімесімен оқып беру. Әңгіме желісі бойынша сұрақтар қою.<br>Балалар, әңгіме не туралы айтылған екен?<br>Атасы немересіне қандай сұрақ қойды?<br>Немересі қалай жауап береді?<br>(Балалар өз ойларын айтады)<br>Сыни ойлау, бала үні, комуникатив дағды.жаппай бақылау.<br>Құрлымдалған ойын: «Неге керек?»<br>Шарты: Киім, заттарды ажыратуы, қайсы мүшеге керек екенін айту.<br>Мыс: карандаш қолмен жазуға..т.б<br>**Қорытынды.**<br>Балалар бүгін біз не туралы әңгімелестік?<br>Қандай әңгіме тыңдадыңдар?<br>Қандай суреттерді көрдіңдер?<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Құстар дауысы»**<br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырата алады.<br>**Ресурстар:**АҚТ аудио, дидактикалық материалдар. | **-**Әңгіме қалай аталады?<br>-Құмырсқа мен көгершін бір-біріне қандай көмек көрсетті?<br>-Құрмысқа қандай жәндік?<br>-Көгершін қандай құс?<br>-Көрдіңдер ме,балалар,екеуі бір-біріне көмек көрсетіп,осындай ауыр сәтте қиындықты бірге жеңіп шықты.Ендеше сендер де, балалар,бір-бірлеріңе мейірімді, қайырымды болып өсулерің керек.<br>Өнім арқылы саралау<br>Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау<br>**Құрлымдалған ойын:«Құстарды ажырат».**<br>Мақсаты: Балаларды үй құстары мен дала құстарын ажыратады.<br>**Қорытынды.**<br>Балалар қандай әңгімемен таныстық?<br>-Әңгіме не жайында болды?<br>Балалардың жауаптары.<br>Мадақтау.<br><br>**2 Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:**<br>«Құстың ұясы»<br>**Мақсаты:** Заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып салады | алмалар көп екен, ал қызыл алмалар үлкен болғанымен аз екен.<br>Тағы тапсырмалары бар екен.<br>**Тапсырма.**Құрлымдалған ойын: «Сызықпен қос»<br>**Шарты:**.Балаларға берілген заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші) салыстыруды ұсыну. Сызықпен қосу.<br><br><br>**Сергіту сәті:**<br>Алма, алма, көп алма<br>Қызыл жасыл, сары алма.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Қалтамызға салайық.<br>**Миға шабул.**<br>**Логикалық тапсырма**<br>-Жол ұзын ба, қысқа ма?<br>Қол ұзын ба, қысқы ма?<br>-Қасық ұзын ба, қысқа ма?<br>Асық ұзын ба, қысқа ма?<br>-Алма үлкен бе, түйме үлкен бе?<br>-Аю үлкен бе, қоян үлкен бе?<br>-Шаш ұзын ба, қас ұзын ба?<br>Сыни ойлау, бала үні<br>Құрлымдалған ойын: «Жол картасын бейнеле» | Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>Жаппай бақылау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>1) колдары белде, басын алға, артқа, оңға, солға еңкейтіп жүру:<br>2) Екі қолдарын айналдыру 4-рет алға қолды түзу ұстау,4-рет артқа<br>3) Оң қол жоғарда,сол кол төменде 1,2 дегенде қолдарын артқа-алға сермеу,3-4 дегенде ауыстыру.<br>4) Қолдарын кеуденің алдында ұстау: 1,2 дегенде артқа сермеу, 3,4 дегенде жанға оңға сермеу,келесі 3,4 дегенде солға қарай сермеу.<br>5) Әр қадам сайын алға еңкейіп жүру.<br>6)Тізені жартылай бүгіп жүру:<br>7)Оң аяқпен секіріп жүру 8)Сол аяқпен секіріп жүру<br>9)2-кі аяқпен секіріп жүру<br>**Тыныс алу жаттығуы**<br>шәйнектік дыбысын салу. Терең тыныс алып, демді шығару.<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау,<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1. Допты жоғары лақтыру, еденге ұру және оны екі қолымен қағып алу.<br>2.Гимнастикалық қабырғадан кезектескен қадаммен өрмелеу.<br>Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау,<br>**Қимылды ойын:**<br>**"Орныңды тап"** | Мой друг серик. ему 7 лет. у него черные волосы, зеленые глаза. он любит читать.<br>**(Ф, и) Мимическая гимнастика.**<br>Примите такое выражение лица, какое должно быть у дружелюбно настроенного человека. А какое выражение лица у враждебно настроенного человека? улыбнитесь друг другу.<br><br>**(К) задание №2. игра «Цветок Дружбы».**<br>Послушай и объясни, какие лепестки ты возьмешь для цветка «дружба».<br>**Динамическая пауза «Ладошки».**<br>вот у нас игра какая: Хлоп ладошка, хлоп другая. Правой правую ладошку Мы похлопаем немножко. А потом ладошкой левой ты хлопки погромче делай. А потом, потом,потом По коленкам шлеп-шлеп. По бокам себя похлопай По плечам теперь пошлепай. Можешьхлопнутьзаспиной, Хлопни и перед собой. вправо можем, влево можем искрест-накреструкисложим. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Әдіс-тәсілі:*** *4К, бала үні, жанама бақылау, саралау.*<br>***ҰОҚ жүргізілу барысы:***<br>*«Амандасу н»*<br>*«Құстар құстар шоқиды» Т.Ломова.*<br>*Әуенін тыңдатып, құс сияқты ұшып жүріп, ырғақты қимылдар жасауды, отырып тұмсықпеншоқуды, айналуды, аяқ ұшымен алға-артқа, оңға-солға қимылдар жасауды үйретеді.*<br>***Музыка тыңдау:****Балаларды музыка тыңдауға шақырады. Табиғат бояуларын сезінетіндей құстардың дауысын, сайрауын тыңдатады.*<br>***Ән үйрену: «Кім қалай дыбыстайды?».****(Ж. Тұрсынаев)*<br>*«**Бұлбұл»**(Қ.Шілдебаев).*<br>***«Бөдене әні»****(Р.Байқоңыров, А.Асылбеков).*<br>***«Босторғай»(****Е.Құсайынов, А.Асылбеков).*<br>***«Көкек» (****Б.Аманжолов). -әр құстың әнінен бір шумуғын орындатып үйретеді.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>*Оқу ортасы арқылы саралау.*<br>*Балаларын үшке бөліп, берілген үлгіге қарап әнді айтуға үйретеді*<br>*Құрлымдалған ойын: «Ненің даусы»*<br>*Шарты: Текшеде мысық пен мысықайдын суреті болады, мысық пен мысықайды тыңдап, жіңішке-жуан дыбыстарын тауып, ажырата білулері керек.* | ***Ресурстар:*** *Доптар, кеглилер.*<br>***Әдіс-тәсілі:*** *4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Бақшамызға барғанда,*<br>*Жолыққан бар жандарға*<br>*Ертемен, ақ пейілмен,*<br>*«Қайырлы таң!» деймін мен.*<br>***Қызығушылықты ояту***<br>*Пед жет ойын: «Ненің даусы?»*<br>*Шарты: Үнтаспаданғы дауысты ажырату.*<br>*Балалар бұл нелердің дыбысы?*<br>***Құс туралы бейне таспа көрсету.***<br>*( шағын мәлімет беру)*<br>*Құстардың неше түрі бар? Үй құстарына нел ер жатады?*<br>*Дала құстарына ше?*<br>*Қандай қыстайтын құс тарды білесіңдер?*<br>*Жылы жаққа құстар не ге ұшып кетеді?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.*<br>*Балалар құстарға ұя жасап берейік.*<br>*Қамқор болайық.*<br>***Балаларға үлгі көрсету,түсіндіру****.*<br>*Суретпен танысып, су рет салуға кіріседі.*<br>*Балалардың жұмысын бақылау.* | *Шарты: Пішіндермен жұмыс.*<br>*Кеңістікті бағдарлау.*<br>*Күн, тал, құс, шөп, су, бұлт, гүл.*<br>*Сыни ойлау, жанама бақылау.*<br>***ҰОҚ қортындылау***<br>***Құрлымдалған ойын: «Сиқырлы жолдар»Шарты.****Оң жақтағы жол үш-бұрыштан, сол жақтағы жол төртбұрыштан, тура жол дөңгелектен басталады. Әр бала өзінің қолындағы пішінге ұқсас жолмен жүру.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***2.Құрастыру.***<br>***Тақырыбы:****Бақа.*<br>***Мақсаты:*** *Берілген тақырып бойынша қағаздан (бақаны) құрастыруға үйренеді.*<br>*Қағазды ортасынан, төртке бөліп бүктеп, түрлі бағытта, тегістеп бүктей біледі.*<br>*Ресустар: Дидактикалық материалдар.*<br>*Әдіс -тәсілдер:4К моделі, бала үні,саралау бақылау.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Сулы жерді мекендеп,*<br>*Құрлықта да секеңдеп,*<br>*Шыбын-шіркей аңдиды,*<br>*Жемге қашан жетем деп.*<br>**(Бақа )**<br>***Тосын сәт.***<br>***Білмеспек келеді.*** | ***Ойын мақсаты:***<br>*Балалардың ой-өрісін кеңейту, достыққа,*<br>*ұжымдыққа, бірлікке тәрбиелеу.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>***Қортынды.***<br>*Балаларды мадақтау.* | ***(и) задание №3.***<br>*Проведи по точкам. дети становятся в круг. ребята, я сейчас вложу вам в руки очень нежный предмет – воздушный шарик. воздушный шарик на-поминает нам дружбу, тонкую, хрупкую. Постарай- тесь не сломать нашу «дружбу». Передавайте шарик друг другу с добрым словом.*<br>***(Р) «****оцени себя». Предлагает оценить работу: смай- лик с улыбкой – мне было интересно; грустный смайлик – мне было неинтересно.*<br><br>***2.Жапсыру***<br>***Тақырыбы:*** *«Жемсауыт пен ұя»*<br>***Мақсаты:*** *Жемсауыт пен ұяны жапсыру әдістерін түсіне отырып, үлгі бойынша жапсыра алады.*<br>***Ресурстар:*** *Құс, жемсауыт суреті,*<br>***Әдіс-тәсілі:4К моделі:*** *командада жұмыс жасау,*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Ыстық алақаныммен*<br>*Қолыңды бер қысайын*<br>*Амандасып өзіңмен*<br>*Құшақтасып алайын*<br>***Миға шабул.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты.** Қатар жатқан қос лентадан секіреді,<br>Допты бір –біріне домалата алады.<br>**Ресурстар:** Доптар, кеглилер.<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.<br>**ҰОҚ өтілу барысы:**<br>**Кіріспе Бөлім.**<br>**Амандасу.**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру.<br>Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен шеңбер бойымен жүгіру.<br>Қол жанда, өкшемен жүру.<br>Шеңбер бойы ауыстырмалы қадаммен жүру.Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>Тікелей бақылау.<br>**Жалпы даму жаттығулары**<br>**1.** Аяқты алшақ қоямыз, Буратинаға әдемі мұрын жасаймыз. Буратино мұрнымен «күн» салады. /5 рет қайталау/<br>**2.** Аяқты алшақ қоямыз, жұдырықты түйіп, қолды жанға қою. Оң және сол иықты кезек жоғары көтеру. / 5 рет қайталау/<br>**3.** Аяқтары алшақ қойылған. Қол төменде, аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары созу. (6-рет )<br>**4.** Орнында тұрып, қол белде, аяқты алдыға кезек серпіп секіру.<br>**5.** Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсатып, орнында секіру. /10-15секунд/ | Балалардың өз бетінше жұмысы<br><br>Жеке көмек көрсетуКреативтілік дағды,командада жұмыс, сыни ойлау, жаппай бақылау.<br><br>**Сергіту сәті.**<br>Құстай қанат қағамыз,<br>Қарлығаш боп ұшамыз.<br>Бір отырып,бір тұрып,<br>Орнымызды табамыз.<br>Құрлымдалған ойын: ойын: «Біздің көрме»<br>Балалар жұмыстарынан көрме ұйымдастыру, бағалау.<br>**Қорытынды.**<br>Балалар сендер ненің бейнесін салдыңдар?<br>Құстардың табиғатқа қандай пайдасы бар?<br>Көрме ұйымдастыру<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**3.Муызка**<br>Педагог жоспары бойынша<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>Ресурстар: Доп, гимнастикалық қабырға.<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау.<br>**І.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру.<br>Сәлемдесу.<br>(нұсқауларды орындау) | Балалардан бақа туралы білгісі келетінін айтады.<br>Балалардың жауаптарын<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Бақа туралы түсінік беру.<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.<br>Балалар Білмеспекке бақаны құрастырып берейік.<br>Оқу ортасы арқылы саралау<br>**2 топқа бөлу**.<br>Құрлымдалған ойын: «Бақалар»<br>1-топ. Үшбұрыш пішіндерден бақаны құрастырады.<br><br>2-топ.Дөңгелек пішінен бақаны құрастырады.<br><br>Балалардың жұмыстарын бақылау.<br>Жеке көмек көрсету.<br>4К моделі, Өнім арқылы саралау, жанама бақылау.<br>Балалардың жұмысын қорытыныдлау.<br>Екі топ бір-бірінің жұмыстарын бағалайды.<br>Білмеспек балаларға бақа туралы түсінік алғаны туралы рахмет айтып қоштасады.<br>**Қорытынды.**<br>**Бақа туралы өлең оқу**<br>Бақа, бақа, балпақ,<br>Басың неге жалпақ? | | Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>Шарты:<br>Жұмбақ жасыру.Тал басында тамаша үй ( ұя )Мағынасын түсіндіру.<br>Жарайсыңдар балалар, осы ұяда нелер мекендейді?<br>Құстарға ұя не үшін қажет?<br>Сыни ойлау, комуникатив дағды.<br>**Ой дамыту.**<br>Көктем мезгілінде құстар ұшып келеді, оларға қамқорлық жасау үшін не істеуге болады?<br>Балалар: құстарға арнап ұя мен жемсауыт жасау керек.<br>Сыни ойлау, бала үні<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қолды белге қоямыз.<br>Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір. Жаттығу жасасақ, Жақсы сергіп аламыз.<br>**Топқа бөлу.**<br>Оқу ортасы арқылы саралау.<br>Ұя, жемсауыт суреттерімен топқа бөлу.<br>Құрлымдалған ойын: ойын: «Құстарға көмек»<br>1-топ ұя тобы<br>Түрлі түсті қағаздан ұя жапсырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*«Ботқа пісты» мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. «пы-ых, пы-ых ,пы-ых» деп айту.*<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Өнім арқылы саралау*<br>*Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>***4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы***<br>*1.Қатар жатқан қос лентадан секіріп өту. (ара қашықтығ: 10-15см)*<br>*2.Допты бір –біріне домалату*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні, командада жұмыс.*<br>***Қимылды ойын****:Кегілиді соқ.*<br>*Бастапқы қалыпқа келу.*<br>*Қортынды*<br>*Балаларды мадақтау.* | *Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>*Жаппай бақылау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*1) колдары белде, басын алға, артқа, оңға, солға еңкейтіп жүру:*<br>*2) Екі қолдарын айналдыру 4-рет алға қолды түзу ұстау,4-рет артқа*<br>*3) Оң қол жоғарда,сол кол төменде 1,2 дегенде қолдарын артқа-алға сермеу,3-4 дегенде ауыстыру.*<br>*4) Қолдарын кеуденің алдында ұстау: 1,2 дегенде артқа сермеу, 3,4 дегенде жанға оңға сермеу,келесі 3,4 дегенде солға қарай сермеу.*<br>*5) Әр қадам сайын алға еңкейіп жүру.*<br>*6)Тізені жартылай бүгіп жүру:*<br>*7)Оң аяқпен секіріп жүру 8)Сол аяқпен секіріп жүру*<br>*9)2-кі аяқпен секіріп жүру*<br>***Тыныс алу жаттығуы***<br>*шәйнектік дыбысын салу. Терең тыныс алып, демді шығару.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау,*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** | *Темір телпек көп киіп,*<br>*Басым содан жалпақ.*<br>*Бақа, бақа, балпақ,*<br>*Көзің неге тостақ?*<br>*Қырдан алыс көп қарап,*<br>*Көзім содан тостақ.Бақа, бақа, балпақ,*<br>*Бұтың неге талтақ?*<br>*Көп отырдым ерініп,*<br>*Бұтым содан талтақ.* | | *2-топ тарелкі ішіне түрлі түсті қағазды қиып жапсырады.*<br>*Балалардың жұмысын бақылау.*<br><br>*Жеке көмек көрсету.*<br><br>*Креативтілік дағды,командада жұмыс, сыни ойлау, жаппай бақылау.*<br><br>***Қорытынды.***<br>*Сұрақтар қою.*<br>*- Біз бүгін не жасадық?*<br>*- Оны неге арнап жасадық.*<br><br>*Балалардың жұмысын қорынтындылау.*<br><br>*Көрме ұйымдастыру.*<br><br>*Балалар бір-бірінің жұмысын бағалайды.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *1. Допты жоғары лақтыру, еденге ұру және оны екі қолымен қағып алу.*<br>*2.Гимнастикалық қабырғадан кезектескен қадаммен өрмелеу.*<br>*Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау,*<br>***Қимылды ойын: "Орныңды тап"***<br>***Ойын мақсаты:***<br>*Балалардың ой-өрісін кеңейту, достыққа, ұжымдыққа, бірлікке тәрбиелеу.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>***Қортынды.***<br>*Балаларды мадақтау.* | | | |
| ***Серуенге дайындық*** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Серуен:*** | ***Серуен № 11***<br>*Құстарды бақылау.*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау* | ***Серуен № 15***<br>*Аспанды бақылау.*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау* | ***Серуен № 18***<br>*Күннің көзін бақылау.*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау* | ***Серуен № 16***<br>*Транспортты бақылау*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау* | ***Серуен № 20***<br>*Жаңбырды бақылау.*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау* |
| | ***КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген*** | | | | |
| ***Серуеннен оралу*** | *Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау* | | | | |
| ***Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс*** | ***Педегог жетекшілігімен сюжетті рөлді ойын «Дәрігер»***<br>***Мақсаты:****балалардың Мамандықтар туралы түсініктері қалыптасады.*<br>*Күтілетін нәтиже:*<br>*Дәрігер, емделушінің ара-қатынасын түсініп, ойнай алады.* | ***Құрылымдалған сюжетті рольді ойын «Шалқан» ертегісі.***<br>***Мақсаты:***<br>*Балалар ертегі кейіпкерлерін сомдауға дағдыланады*<br>*Күтілетін нәтиже:*<br>*Өздеріне берілген ертегі кейіпкерлерін сомдай алады.*<br>*4 к моделі, бала үні бақылау* | ***Құрылымдалған ойыны «Телефон»***<br>***Мақсаты:*** *естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуді үйренеді.Сөздік қоры дамиды.*<br>*Күтілетін нәтиже:* | ***Педагог жетекшілігімен ойын***<br>***«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»***<br>***Ойынның мақсаты:*** *ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей өлшемдерді түснеді.*<br>*Күтілетін нәтиже:* | ***Құрылымдалған ойын: «Ортақ атауына қарай топтастыр»***<br>***Мақсаты***<br>*заттың кез-келген ортақ атауы болатынын түсінеді*<br>*Күтілетін нәтиже:*<br>*Суреттерді топтастыра отырып,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *4 к моделі, бала үні бақылау* | | *Балалар ойынды ойнай отырып, қарым-қатынас дағдыларын түсінеді.*<br>*4 к моделі, бала үні бақылау* | *Ойын арқылы геометриялық ұғымдарды үйренеді.*<br>*4 к моделі, бала үні бақылау* | *ортақ атауларын атай алады.*<br>*4 к моделі, бала үні бақылау* |
| ***Балалардың үйге қайтуы*** | *Ана – аналармен әңгімелесу.*<br>*Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту. Ата-аналармен әңгімелесу.*<br>*«Мен және менің достарым» атты фото сурет көрмесін орындау. Балаларға берілген өлең жолдарын жаттатуға көмектесуін айту.*<br>*Ата – аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | | | | |

«Бекітемін»
Мектеп директоры: М.К.Кулсарина

Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырлыған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары мен циклограммасы
Ересек топ
Мамыр айы.
2020-2021 оқу жыл

Тәрбиеші: Нұрмұхан.М.Қ

**2021 жыл, Мамыр айы**

**Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»**

**Мақсаты: «Денсаулық», «Коммуникция», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» б**ілім беру салаларының мазмұндары бойынша меңгерген білім, білік, дағдыларын анықтау, бекіту

**Міндеттері:**

1. Дене жаттығуларын орындау, қимылды ойындар Ережелерін, спорттық ойындардың техникаларын меңгеру және жеке бас гигиеналарын сақтау дағдыларын беу;
2. Ана тілі және басқа да тілдерде барлық дыбыстарды дұрыс айту, қарым-қатынасқа түсу, сөйлемдердің әр-түрлі түрлерін қолдану және сөйлеу дағдыларын бекіту;
3. Тәулік бөліктерін, кеңістіктегі заттардың орналасуын, түрлі мәселелерді шешудің әдістерін және құрылыс бөлшектерін анықтау дағдыларын бекіту. Қоршаған орта туралы қарапайым түсініктерін анықтау;
4. Шығармашылық дағдыларын, отбасылық құндылықтарын және отансүйгіштік сезімдерін бекіту

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **І апта**<br><br>**«Достық-біздің тірегіміз» (Халықтар достығы)** | **Дене шынықтыру-3**<br>**1.Мақсаты.** Бірқалыпты жеңіл секіруді үйренеді. Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді, белгілі бағыт бойынша жүгіру дағдысын меңгереді.<br><br>**2.Мақсаты.** Балалардың жүру, жүгіру дағдылары дамиды.<br>**-**Құрсаудан еңбектеп өтеді.<br>-Бір және екі қолмен допты еденге ұра алады<br><br>**3. Мақсаты:** Допты екі қолмен алға қарай лақтыру және | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>«Екі дос» (әңгімелеп үйренеміз)<br>**Мақсаты:** Әңгіменің мазмұнын сызба белгілер бойынша әңгімелеп, айта алады. Оқу барысында оқиға желісімен әңгіме кейіпкерлерін белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін біледі.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Тілеріміз бейбіт күн»<br>**Мақсаты:** Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңін дегі сөздердің мағыналарын түсініп, қайталай отырып жаттайды. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Уақытты бағдарлау жөніндегі білімдерін (таңертең, күндіз, кеш, түн)<br><br>**Мақсаты:**Уақытты бағдарлау жөніндегі білімдері (таңертең, күндіз, кеш, түн) тереңдеп, логикалық ойлау қабілеттері дамиды.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** Балабақша ауласындағы ағаштар(табиғаттағы бақылау)<br>**Мақсаты:** Ағаштарды тануға және атауға | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>«**Тақырыбы**: «Достық жалаулары» (ұжымдық жұмыс)<br>**Мақсаты:** Бір мазмұнға біріктіре отырып, бірнеше ұлттардың жалауларын бейнелей білуді үйренеді.<br><br>**Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы**: «Досыма сыйлық»<br>**Мақсаты:** Сыйлық бейнесін мүсіндей білуге үйрете отырып, шығармашылық, белсенділік дағдылары дамиды.<br><br>**Музыка** | **Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Тақырыбы:**Су-тіршілік нәрі.<br>**Мақсаты:**Жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың өсіп, өнуі үшін бұлақтардың және таза судың маңызы туралы түсініктері дамиды.<br>Табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылауды түсінеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жерде жатқан жіптен секіріп өтуді і үйренеді.<br>Жалпы дамыту жаттығуларын орындауды біледі. | | үйренеді: қайың, терек, ағаштың діңін, бұтақтарын және жапырақтарын тауып, атап бере алады.. | **Тақырыбы: Құстар дауысы**<br>**Мақсаты.** Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырата алады.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: Ел қорғауға әзірміз.**<br>**Мақсаты:** Балалардың патриоттық сезімін ояту, музыканың түрлі сипаттарын ажырата біледі. | |
| **ІІ апта**<br><br>**«Отан қорғаушылыр» (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері)** | **Дене шынықтыру-3**<br>**1.Мақсаты.** Шектелген жазықтық бойымен жүруге, тепе-теңдік қалпын сақтай отырып шектелген жазықтық бойымен жүруді үйренеді.<br>**2. Мақсаты.** Тепе-теңдік қалпын сақтай отырып шектелген жазықтық бойымен жүруге үйренеді.<br>**3.Мақсаты.** Алға жылжи отырып секіруді біледі. Әртүрлі қалыпта допты қос қолмен лақыра алады. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>**Тақырыбы**: «Біз Отанның сарбазы»<br>**Мақсаты:** Балалар 7-ші мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесінің мәнін түсінеді. Ұлы Отан соғысының зардаптары мен осы соғыста ерлік көрсеткен батырлардың ерліктері туралы әңгімелей алады.<br><br>**Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы:** «Жеңіс күні»<br>**Мақсаты:** Өлең шумақтарының , мазмұнын түсінеді. 9 мамыр - Жеңіс күні туралы өз ойын айта алады.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «День Защитника Отечества»**<br>**Цели:**Продолжать формировать представления детей об армии, | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы:**<br>Кеңістікті бағдарлау<br>**Мақсаты:**Өзінің айналасындағы заттардың орналасуын (оң, сол, алда, артта, жоғарыда,төменде, алыс, жақын) анықтай алады.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** Жүк машинасы<br>**Мақсаты:**Балалар қалдық материалдардан бұйым жасауды біледі.<br><br>**Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:**Орман жидектері мен саңырауқұлақтар.<br>**Мақсаты:**Балалар орман жидектері мен саңырауқұлақтары | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Мерекелік от шашу»<br>**Мақсаты:** Өз ойлары бойынша сурет салу, композиция құрастыру. көлемді пішіндерді безендіруді біледі.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** «Ұшақтар шеруі»<br>**Мақсаты:** Балалар ұшақтар шеруі туралы түсінеді. Жіңішке қиықтарды қиюға үйренеді, қуанышты көңіл-күй қалыптастыра біледі.<br>.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: біз өмірдің гүлміз**<br>**Мақсаты:** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | о родах войск, об особенностях военной службы (солдаты тренируются, чтобы быть сильными, умелыми, учатся метко стрелять, преодолевать препятствия и т.д.). Обогатить словарь детей военной лексикой. | жөнінде түсінеді. Оларды суреттерден танып атай алады. | Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттері дамиды. | |
| **III апта**<br><br>**«Көңілді жаз»** | **Дене шынықтыру-3**<br>**1.Мақсаты.** Жазықтық бойымен жүру, алға жылжи отырып секіру, әртүрлі қалыпта допты қос қолмен лақыруды біледі.<br><br>**2.Мақсаты.** Сапта жәй жүру және жүгіру. тақтай үстіне шығу және бойымен жүру дағдыларын түсінеді.<br><br>**3.Мақсаты.** Сапта жәй жүру және жүгіру, сигнал бойынша отырып-тұру дағдыларын, алға жылжып допқа дейін секіруді түсінеді. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Жайдарлы жаз»<br>**Мақсаты:** Жаз мезгілінің табиғи ерекше ліктерін біледі.Схема бойынша суреттің мазмұнын құруға және сөздерді байланыстырып айта алады.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Жаз келіпті» (Кел жаттайық)<br>**Мақсаты:** Т.Молдағалиевтің «Жаз келіпті» өлеңін жаттай отырып, байланыстырып сөйлеу, сурет бойынша әңгіме құрастыра біледі. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Шеңбер,шаршы,үшбұрыш ,сопақша,тіктөртбұрыш туралы өткенді пысықтау.<br>**Мақсаты:**Заттар тобының теңдігін кеңістікте орналасуына қатыссыз қоюды үйренеді. Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш сияқты геометриялы фигуралар туралы өткенді айта алады.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** Қош келдің,жаз!<br>**Мақсаты:** Жаз мезгілін дегі маусымдық өзгерістерін, айырмашылықтарын ажырата біледі. Табиғатты бақылау күнтізбесін жүргізуді үйренеді. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**Гүл. Өсімдік кейіпті сарындар» (Сәндік сурет)<br>**Мақсаты:** Доға тәрізді сопақша пішіндерден «жауқазын, қызғалдақ гүлдерінің суретін сала алады.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**«Гүлзарда-ғы гүлдер»<br>**(ұжымдық жұмыс)**<br>**Мақсаты:** Қоршаған әлемнің әсемдігін эмоционалды қабылдай біледі.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: Көктем келді, құс келді.**<br>**Мақсаты:**Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, әсерлі реңктерін ажырата алады. Құстарды қорғап, қамқор болуды түсінеді.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: Көктем келді, құс келді.**<br>**Мақсаты:**Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br><br>**Тақырыбы:** «Ауылдағы тіршілік»<br>**Мақсаты:** Ауыл шаруашылығын дағы ересектер еңбегі туралы түсініп, айта алады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әсерлі реңктерін ажырата алады.<br>Құстарды қорғап, қамқор болуды түсінеді. | |
| **IVапта**<br><br>**«Мен жасай аламын»** | **Дене шынықтыру-3**<br>**1.Мақсаты.** Бірқалыпты жеңіл секіруді үйренеді. Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді, белгілі бағыт бойынша жүгіруді біледі.<br><br>**2.Мақсаты.** Бірқалыпты жеңіл секіруді үйренеді. Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді, белгілі бағыт бойынша жүгіруді біледі.<br><br>**3.Мақсаты.** Тепе-теңдік қалпын сақтай отырып шектелген жазықтық бойымен жүре алады. Алға жылжи отырып секіру, әртүрлі қалыпта допты қос қолмен лақыруды біледі. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Үйшік» орыс халық ертегісі» (менің сүйікті ертегім)<br>**Мақсаты:** Ертегі мазмұнын баяндау арқылы балалардың байланыстыра сөйлеу дағдылары дамиды.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>«Жайлауда» өлеңі<br>Н.Жанаев<br>**Мақсаты:** Өлең желісі бойынша сұрақтарға жауап беру, өлеңді жатқа айта алады. Өлеңнің ұйқасын, ырғағын, қуанышты сүйсінуді біледі.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Что я умею делать»**<br>**Цель:** продолжать учить составлять рассказ из личного опыта, развитие монологической речи. Продолжать учить составлять рассказ из личного опыта, развивать умение связно, последовательно составлять рассказ. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Бекіту. Сан мен цифрды сәйкестендіру.<br><br>**Мақсаты:**1-ден 5- ке дейінгі сан және цифрлар туралы біледі. Балалар 5 заттың сәйкестігін анықтауды және заттарды бесбестен бір топқа біріктіруді үйренеді.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы**Табиғатты аялайық!<br>**(білім сайысын өткізу)**<br>**Мақсаты:**Балалар қоршаған орта туралы жалпы түсініктерді біледі. Адам мен табиғаттың тығыз байланысты екенін түсінеді,тірі және өлі табиғат туралы айта алады.<br><br>**Құрастыру.**<br>**Тақырыбы:**Киіз үй.**Мақсаты:**Киіз үйдің құрылысын, жабдықтарын атай алады. .Құрылыс материалдарынан киіз үйді құрастыруды біледі. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Ғажайып сурет әлемінде»<br>**Мақсаты:**Балалар бейнелеу өнерінің қыр-сырын жан-жақты түсінеді.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** «Гүлденген дала»<br>**Мақсаты:** Сәндік композицияларды өз ойынша орындайды. Дала бейнесін қиып жапсырады.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:**<br>**Қошақаным**<br>**Мақсаты:**Балалалар төрт түлік туралы біледі.. Үй жануарлары мен төлдерін ажырата алады.. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Обогащать речь детей наречиями, обозначающими отношение к труду. Продолжать учить работать с мнемотаблицами.. | | | |

**ЦИКЛОГРАММА**
**І апта. Мамыр айы 2021ж.**

***Өтпелі тақырып:* «Әрқашан күн сөнбесін!»**
***Тақырыпша*«Достық-біздің тірегіміз» (Халықтар достығы)**

| *Күн тәртібі* | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу*** | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*<br>***Ата-аналармен жұмыс:***<br>*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | | | | |
| ***Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )*** | ***Картотека №2***<br>*Құрылымдалған ойын: «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»*<br>*Мақсаты: Түстерді айырып, топтай алады.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау* | ***Картотека №3***<br>*Құрылымдалған ойын: «Жыл мезгілдері»*<br>*Мақсаты: Балалар жыл мезгідері туралы және мезгілдерінің атауларын (қыс, көктем, жаз, күз ) атай алады.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 4***<br>*Құрылымдалған ойын: «Заттық фриздер»*<br>*Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы қоршаған орта жайлы өз ойын айта алады.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау* | ***Картотека №7***<br>*Құрылымдалған ойын: «Нан дастарханға қалай келеді?»*<br>*Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөнінде айта отырып, диқаншылардың еңбегін құрметтеуді біледі.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау* | ***Картотека №9***<br>*Құрылымдалған ойын: «Үй жануарлары»*<br>*Мақсаты: Балалар үй жануарлары мен төлдерін ажыра біледі. олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін айта алады.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау* |
| | ***ТАНЫМ БІЛІМ САЛАСЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тіркелген)*** | | | | |
| ***Таңертеңгі гимнастика*** | *Мамыр айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген*<br>*Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы салауатты өмір салтына тәрбиелеу.* | | | | |
| ***Ойындар, ҰОҚ дайындық*** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*<br>***Дидактикалық ойын. «Жұп суреттер»***<br>***Шарты.*** *Балалардың байқампаз қабілетін дамыту; заттардың, суреттердің ұқсастық пен айырмашылықтарын табуға үйрету; балалардың сөйлеу қабілетін арттырып, ұқсас, әр түрлі, бірдей сөздерін үйрету.* | | | | |
| *Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу* | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:***<br>*«Екі дос» (әңгімелеп үйренеміз)*<br>***Мақсаты:****Әңгіменің мазмұнын сызба белгілер* | ***Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:*** *«Тілеріміз бейбіт күн»*<br>***Мақсаты:*** *Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өленің дегі* | ***1. Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:****Уақытты бағдарлау жөніндегі білімдерін (таңертең, күндіз, кеш, түн)* | *1.**Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:*** *Балабақша ауласындағы ағаштар(табиғаттағы бақылау)* | ***1.Музыка***<br>***Тақырыбы: Ел қорғауға әзірміз.***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың патриоттық сезімін ояту, музыканың түрлі* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| қызмет-<br>тері | бойынша әңгімелеп, айта алады<br>**Ресурстар:** Тақырып бойынша көрнекіліктер, АКТ технологиясы.<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К моделі, саралау, жаппай бақылау.<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы. Шаттық шеңбер**<br><br>-Достар бері, келіңдер,<br><br>Қолдарыңды беріндер.<br><br>Шаттық толы шеңберге<br><br>Қуанышпен еніңдер.<br><br>(Г.Абдрахманов)<br><br>**Тосын сәт.**<br><br>Айгүл келеді.<br><br>Балалардан достар туралы білгісі келетінін айтады.<br><br>**Пед жет ойын: «Егер..., онда...»**<br>Допты бір балаға беріп, сөйлемді бастап айтады:<br>-Егер досың сенен жақсы көретін ойыншығынды сұраса, ...<br>-Егер досынды ренжетіп қойсаң, ...<br>-Егер досын сенімен ойнамай қойса,...<br>Соңғы сұрақ арқылы баларды ойлануға жетелеу, әртүрлі жауаптарын тыңдау. | сөздердің мағыналарын түсініп, қайталай отырып жаттайды.<br>**Ресурстар:** Қазақстан Республикасының рәміздері. АКТ технологиясы.<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К моделі, саралау, жаппай бақылау.<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы. Шаттық шеңбер**<br>Шарды бір-бірімізге бере отырып, елімізге, жерімізге, бір-бірімізге жақсы тілектер айтайық.<br>Балалардың тілектері.<br>**Ой қозғау.**<br>Ашық сқрақтар<br>Балалар, біз қандай Республикада тұрамыз?<br>-Республикамыздың бас қаласы, елордасы қалай аталады?<br>Сыни ойлау, комуникатив дағды. Жетелеуші сұрақтар.<br>**Біз бүгін ақын «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз.**<br>Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілеріміз бейбіт күн,<br>Ашық болсын кең аспан!<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.<br>**Сұрақ-жауап**<br>Өлең қалай аталады?<br>Бейбіт күн дегенді қалай түсінесің? | **Мақсаты:** Уақытты бағдарлау жөнінде түсініп айта алады. (таңертең, күндіз, кеш, түн)<br>**Ресурстар:** Дидакатикалық материалдар.<br>**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі: командада жұмыс жасау,<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы. Шаттық шеңбер**<br>Күнім күліп арайлы,<br>Тереземнен қарайды.<br>Достарыммен шеңберге<br>Тұрғанымды қалайды.<br>Қайырлы күн достарым!<br>**Миға шабул.**<br>Пед жет жұмыс: «Сұрақтар ілмегі»<br>-Қазір жылдың қай мерзімі?<br>- Қандай ай?<br>- Бүгін аптаның қай күні?<br>-Балалар жерде не шашылып жатыр?<br>-Дұрыс жапырақтар.<br>Жапырақтардың түстері бірдей ма?<br>Балалардың жауаптары.<br>-Ал,енді осы жапырақтарды теріп алыңдар.<br>**Балаларды жапырақтар түсіне қарап бөліп, отырғызу.**<br>1-топ сары жапырақтар<br>2-топ жасыл жапырақтар<br>3- топ қызыл жапырақтар<br>**Әр топқа тапсырма беру.**<br>**1 – топ сары жапырақтартар тобына тапсырма:**<br>Құрлым ойын: «Салыстыр»<br>Шарты: Суреттегі заттарды салыстыру.<br>Мыс аюда құлпынай көп, қоянда сәбіз аз т.б....<br>Мысалдар келтіріп түсіндіру. | **Мақсаты:** Ағаштардың діңін, бұтақтарын және жапырақтарын тауып, атап бере алады..<br>**Ресурстар:** Ауладағы ағаштар<br>**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі: командада жұмыс жасау,<br>**ҰОҚ өтілу барысы:**<br>**1.Шаттық шеңбері:**<br>Армысын,асыл күн!<br>Армысын,көк аспан!<br>Армысын,жан досым!<br>Жылуына жылу қос.<br>**2. Ой қозғау.**<br>-Балалар біздер күн сайын таңертең тұрып қайда келеміз?<br>- Онда біз кімдерді көреміз, сендерді кім қарсы алады? **(бала үні)**<br>- Дұрыс, балалар.<br>**3.Тосын сәт. Айгүл қуыршақ қонаққа келеді.**<br>Айгүл: Саламатсыздар ма,балалар! Мен балабақша ауласымен танысқым келеді?<br>Балабақша ауласында нелер бар? Маған көрсетесіңдер ма?<br>**4.Балбақша ауласына саяхат.**<br>**Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау**<br>Балабақша ауласына саяхатқа алып шығу.Аулада өсіп тұрған ағаштармен, | сипаттарын ажырата біледі<br>**Ресурстар:** Тақырып бойынша көрнекіліктер<br>**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі: командада жұмыс жасау,<br>**ҰОҚ өтілу барысы: Балаларды залда «Балдырғандар маршы» (К.Қуатбаев) шығармасымен қарсы алады.** Орындарында тұрып, жеңіл ырғақ түрлерімен билейді.<br>Креативтілік дағды, сыни ойлау.<br>**Қызығушылықты ояту. АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>Жетекші балаларды Панфилов атындағы демалыс паркіне шақырады. «9 мамыр - Жеңіс күні» мерекесіне автобус көлігіне мініп баруды ұсынады. Көзімізді жұмамыз. Сиқырлы таяқша. Аялдамадан түскеннен кейін әскери марш ырғағымен жүреді. Бірнеше қатарға тұрып, әскерилердің қимылдарын көрсетеді.Жетекші интерактивті тақта, суреттер арқылы Панфилов паркіндегі «Мәңгілік алау» басында жиналған соғыс ардагерлерін, әскерилерді көрсетеді.<br>Музыка тыңдау: «Жеңіс күні» әнін (Д.Тухманов, В.Харитонов) үнтаспада тыңдайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Сыни ойлау, комуникатив дағды, жетелеуші сұрақтармен бақылау.*<br>***Ой дамыту***<br>***Тақырыппен жұмыс.***<br>***АҚТ технологиясымен****Балаларға «Екі дос» деген әңгімесін айтып беру,мазмұны бойынша сұрақтар қою :*<br>*-Әңгімеде кімдер туралы айтылған?*<br>*-Неліктен достардың біреуі ағаш басына шығып кетті?*<br>*-Қалай ойлайсындар, ол дұрыс істеді ме?*<br>*-Оның орнында сендер болсаңдар не істер едіңдер.*<br>*Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.*<br><br>***Әңгімелеп үйренеміз.****Мнемотехника тәсілі арқылы әңгімені айтуға үйрету.*<br><br>*Құрлымдалған ойын: «Жақсы мен жаман»*<br><br>***Шарты:*** *Берілген суреттен тақырыпқа байланысты жақсы мен жаман қылықтарды айырып жинау, өз ойын айту.*<br><br>*4К моделі, бала үні, Өнім арқылы саралау, жаппай бақылау.*<br><br>***Рефлекция*** | *Достық дегенді қалай түсінесің?*<br>***«Бір қадам» әдісімен*** *тақпақты қайталау. Балаларды мадақтау.*<br><br>**Сергіту сәті***:*<br><br>*Достар бірге ойнаймыз,*<br><br>*Өзеннен балық аулаймыз.*<br><br>*Бірге бақша суарып,*<br><br>*Құс ұясын бұбаймыз.*<br><br>***Қорытынды.***<br>*Бүгін не туралы әңгімелестік?*<br>*Балалардың жауаптары*<br>*«Әрқашан күн сөнбесін»әнімен аяқтау*<br><br>***2 Сурет салу.***<br>***Тақырыбы:***<br>*«****Тақырыбы****: «Достық жалаулары»*<br>*(ұжымдық жұмыс)*<br>***Мақсаты:*** *Бір мазмұнға біріктіре отырып, жалауларды бейнелей алады.*<br>***Ресурстар:*** *тақырып бойынша көрнекіліктер, үлгі.*<br>***Әдіс-тәсілдер:*** *4К моделі: командада жұмыс жасау, саралу. бақылау*<br>***ҰОҚ жүргізу барысы.***<br>***ІІ.Қызығушылықтарын*** | ***2- топ жасыл жапырақтар тобына тапсырма:***<br>***Пед жет ойын: «Көңілді лото»***<br>*Шарты: қапшықтан шыққан ыдыстағы цифрларды арнайы цифрмен белгіленген қағазға орналастыруларың керек.*<br>***3-топ қызыл жапырақтар тобына тапсырма: Суретпен жұмыс.***<br>*Пед жет ойын: «Қандай пішіндерді көріп тұрсыңдар»*<br><br>*Оқу ортасы арқылы саралу, сыни ойлау, бала үні, жанама бақылау.*<br>*Әр топтың жауаптарын тыңдау, мадақтау.*<br>***Сергіту сәті***<br>*Орнымыздан тұрайық*<br>*Аяқты нық басайық (бір орында жүру)*<br>*Бір отырып, бір тұрып (тізе бүгіп отырып, тұру)*<br>*Біз демалып алайық (орнына отыру*<br>***Пед жет жұмыс:***<br>***«Бұл қай кезде болады»***<br>***жұмбақ жасыру.***<br>*Тәулік бөліктері туралы.*<br>*Ұйқымыздан тұрамыз*<br>*Беті-қолды жуамыз*<br>*Әкемізге ереміз,*<br>*Бақшамызға келеміз*<br>*Бұл қай кез болады балалар?* ***(таңертең)***<br>*Сабақ оқып, ойын ойнап,*<br>*Серуендеп қайтамын*<br>*Тамағымды ішіп*<br>*Түсте ұйықтап жатамын.* ***(Күндіз)***<br>*Біз тәртіпті баламыз* | *бұталармен таныстыру.*<br><br><br>***5.Пед жетекшілігмен ойын: «Сұрақтар ілмегі»***<br>*-Балабақшамыздың ауласында не өседі?*<br>*-Қаңдай гүлдер өседі екен?*<br>*-Қандай ағаштар өседі екен?*<br>*-Балабақша ауласы сендерге ұнай ма?*<br>***6.Таза ауада сергіту сәті.***<br>*Достарым көп бақшада (шеңберге тұру)*<br>*Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып)*<br>*Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию, құштасу)*<br>*Бірге күліп жүреміз*<br>***7. Құрлымдалған.ойын:*** *«Жапырағынан таны»*<br>***Шарты:*** *жапырақтар арқылы ағашты тауып , атын атайды.*<br> | *Балаларды елін қорғаған батырлармен таныстырады.*<br>*«Мәңгілік алау» басына гүл шоқтарын қоюды көрсетеді. Бір минут үнсіз тұрып, соғыста қаза тапқандарды еске алуды қайталайды.*<br>*4К моделі, Үдеріс арқылы саралау, жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау.*<br>***Ән үйрену: «Ел қоргауға әзірміз»*** *(К.Қуатбаев, М.Әлімбаев) әнін бірге орындайық.*<br>*Креативтілік дағды, комуникатив дағды, жаппай бақылау.*<br>*Құрлымдалған әуенді-ырғақты қимыл: «Катюша»*<br>*Шарты: Әнге көңілдене билеуді ұсынады.*<br>*- Қандай паркте болдық?*<br>*- Қандай әндер тыңдадыңдар?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***2. Мүсіндеу.***<br>***Тақырыбы****: «Досыма сыйлық»*<br>***Мақсаты:*** *Сыйлық бейнесін мүсіндей алады.*<br>***Ресурстар:*** *Ауладағы ағаштар*<br>***Әдіс-тәсілдер:*** *4К моделі: командада жұмыс жасау,*<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Балалармен амандасу.*<br>*Балалар мен сендерге тақпақ оқып берем, не жайында екенін анықтаңдар* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Бүгін біз не жайлы әңгімелестік?<br><br>Достық қандай болу керек?<br><br>Кері байланыс<br><br>Сыни ойлау, комуникатив дағды.<br><br>Айгүл балаларға дос туралы көп үйренгенін айтып қоштасады.<br><br>Балаларды мадақтау.<br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы: Құстар дауысы**<br>**Мақсаты.** Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырата алады.<br>**Ресурстар:** дидактикалық материалдар<br>**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі: командада жұмыс жасау<br>**ҰОҚ жүргізу барысы.**<br>Жетекші балаларды «Амандасу жаттығуын» айтып қарсы алады.<br>Көңілді әуен ырғағымен жұптасып жүруді үйретеді.<br>Өз орындарын тауып тұруға, ырғаққа байланысты жеңіл қимылдар жасай білуге үйретеді. «құстар», «құстар шоқиды» Т.Ломова.<br>Әуенін тыңдатып, құс сияқты ұшып жүріп, ырғақты қимылдар жасауды, отырып тұмсықпен | **ояту.**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Әр мереке сайын,<br>Желбірейді әсем.<br>Қызыл – жасыл әртүрлі,<br>Түстері де көркем.<br>**(Жалаушалар)**<br>Бала үні.<br>**2.1Ой дамыту**<br>1.Жалаушалар туралы түсінік беру.<br>Сұрақ – жауап.<br>-Жалауша дегеніміз не?<br>- Әдемі жалаушаларды қай кезде көресіңдер?<br>Бала үні.Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау, сыни ойлау.<br>Сөздік жұмыс.<br>**Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін түсіндіру.**<br>Тазалық, ұқыптылық , қауіпсіздік туралы ескерту. Жұмысқа қатысты материалдарды атау, көрсету.<br><br>**Балаларды түстер бойынша 3 топқа бөлу.**<br><br>Оқу ортасы арқылы саралау.<br><br>**Өз беттерінше жұмыс.**<br><br>**1-топ** қызыл түсті топ. Жалауды бояумен бояйды.<br><br>**2-топ** сары түті топ.<br><br>Жалауды саусақпен бояйды. | Сабақты да оқимыз<br>Серуенге шығамыз,қыдырамыз<br>Бұл қай кез? **(Түс)**<br>Ұйқыдан тұрып,беті- қолды жуып<br>Төсекті жинап тазалықты сақтап,<br>Таза ауа жұтып,кешкісін үйге қайтамын<br>Бұл қай кез? **(Бесін)**<br>· Күн батады қызарып,<br>Мамамызды күтеміз<br>Бұл қай кез? **(Кеш)**<br>-Ал енді балалар, тәулікті ретімен атап көрейікші. Таңертең, күндіз,түс, бесін,кеш, түн<br>4 к моделі, бала үні<br>Мазмұн арқылы саралау<br>Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау<br>**Қорытынды.**<br>**Құрлымдалған ойын:**<br>**«Бұл қашан болады?»** ойыны арқылы қорытындылау.<br>**Ойын шарты:** Тәулік бөлігіне байланысты әр түрлі суреттерді ажыратып қойып шығу.<br><br>Балаларды мадақтау<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Тақырыбы:**Су-тіршілік нәрі.<br>**Мақсаты:**Жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың өсіп, өнуі үшін судың маңызы туралы түсінеді.<br>**Ресурстар:** сүт, су, бояу. | **8.Балабақшаға оралу.**<br>Айгүлмен қоштасу.<br>**Қорытынды.**<br>Балаларды мадқтау.Көңілді смайлктер беру.<br><br>**3. Дене шынықтыру.**<br>**Мақсаты:** Допты екі қолмен алға қарай лақтыру және жерде жатқан жіптен секіріп өте алады.<br>**Ресурстар:** Арқан, жіптер<br>**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі: командада жұмыс жасау,<br>**І.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру.<br>Сәлемдесу.<br>(нұсқауларды орындау)<br>.Шеңбер бойымен тұру.<br>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**«Топтастыру» әдісі**<br>3 қатарға сапқа тұру.<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>**Құралсыз.**<br>Б.қ қол төмен<br>1.Қол жоғары көтеріп, шапалақтау. (5-6 рет)<br>Б.қ. , қол белде<br>2.Оң жаққа бір адым, қол шапалақтау.<br>-Б.қ.Сол жаққа бір адым, қол шапалақтау.<br>3.Отыру тізені құшақтау.<br>Басты тізеге тигізу.<br>Тұру. | **Достық керек өмірде,**<br>**Ашық сырлы көңілде.**<br>**Дос жолдасың болмаса,**<br>**Өмір сүру жеңіл ме?»**<br>Тақпақ не туралы айтылған?<br>-Дұрыс айтасыңдар, балалар әр адамның өз досы болады.<br>Пед жет ойын: «Досыма тілек»<br>Шарты: Барлығы жақындап, қолдарынан ұстап өз достарына жылы тілектер айту.<br>**Ой қозғау.**<br>Балалар айтыңдаршы сендердің достарың бар ма?<br>-Балалар достарың көңілсіз болса не істер едіңдер?<br>Балалардың жауаптары.<br>-Олай болса, алдымызда қандай құралдар көріп тұрмыз? Дәл осы құралдардың көмегімен өз достарыңа арнап сыйлықтар жасағдар.<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.<br>**Сергіту сәті.**<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсысының аты бар.<br>**Құрлымдалған ойын:**<br>**«Досыма сыйлық»**<br>Шарты: Әр бала өз еркімен қажет ермексазды алып достарына сыйлық жасайды. **Балалар жұмысы бақылау.**<br>Жеке көмек көрсету.<br>Сыни ойлау, креативтілік дағды. Жанама бақылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *шоқуды, айналуды, аяқ ұшымен алға-артқа, оңға-солға қимылдар жасауды үйретеді.*<br>***Музыка тыңдау:****Балаларды музыка тыңдауға шақырады.*<br>*Табиғат бояуларын сезінетіндей құстардың дауысын, сайрауын тыңдатады.*<br>*Ересек құстардың дыбысы жуан болатынын, ал балапанның дыбысы жіңішке болатынын түсіндіреді.*<br>*Құс пен оның балапанының суреті бейнеленген карточкаларды таратып береді.*<br>*Құстар әуенін келтіріп, кезек - кезек ауыстырып ойнайды, балалардың карточканы дұрыс көрсетуін сұрайды.*<br>***Ән үйрену: «Кім қалай дыбыстайды?».****(Ж. Тұрсынаев)*<br>*«**Бұлбұл»**(Қ.Шілдебаев).*<br>***«Бөдене әні»***<br>*(Р.Байқоңыров, А.Асылбеков).*<br>*Орындалып, ойын ұйымдастырылады.*<br>***«Босторғай»***<br>*(Е.Кұсайынов, А.Асылбеков).*<br>***«Көкек»*** *(Б.Аманжолов). -әр құстың әнінен бір шумуғын орындатып үйретеді.*<br>*Әндердің бар мәтінімен танысып болған сон, топ балаларын үшке бөліп, берілген үлгіге қарап әнді* | ***3-топ*** *көк түсті топ*<br><br>*Жалауды васкович карандашпен бояйды.*<br><br>*Педагог жетекшілігімен жүргізілетін тіл ұстарту жаттығуы.*<br>*Лау лау лау, желбірейді жалау*<br>*Лау, лау, лау биікте тұр жалау.*<br>***Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»***<br>*Шарты: Балалардың жұмыстарын тақтаға өздері ілу, бағалау.*<br>*Кері байланыс*<br>***Қортынды:***<br>***Балалады мадақтау.***<br><br>***3. Дене шынықтыру.***<br>***Мақсаты.****Құрсаудан еңбектеп өтеді, бір және екі қолмен допты еденге ұра алады*<br>*Ресурстар: Құрсау, гимнастикалық орындық*<br>*Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, командада жұмыс.*<br>***Оқу қызметінің барысы.***<br>***Балалармен амандасу***<br>*1. Бір қатар сапқа тұр.*<br>*2. Сәлемдесу. (Нұсқауларды орындау)*<br>***Жалпы даму жаттығулары:***<br>*1) колдары белде, басын алға, артқа, оңға, солға бұру:*<br>*2) Екі қолдарын айналдыру* | ***Әдіс-тәсілдер:*** *4К моделі: командада жұмыс жасау,*<br>*Тікелей бақылау, өнім арқылы сарлау.*<br>***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>***Х. Талғаров «Дос болайық бәріміз»***<br>*Дос болайық, бәріміз,*<br>*Жарасып тұр әніміз.*<br>*Тыныштықты сақтаймыз,*<br>*Атсын күліп таңымыз.*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.***<br>*Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»*<br>*Жұмбақ жасыру*<br>*Дәміде жоқ,түсі жоқ,*<br>*Пайдаланбас кісі жоқ.* ***СУ***<br>***Ой дамыту***<br>***-****Су туралы түсінік беру.*<br>*-Сұрақ-жауап.*<br>*--Су қандай зат?*<br>*-Оның қандай пайдасы бар?*<br>*-Судың қасиеттері қандай?*<br>*- Адамдар суды не үшін пайдаланады?*<br>*(ішеді, жуынады)*<br>*- Суды адамдардан басқа тағы нелер пайдаланады (жануарлар, өсімдіктер)*<br>*-Су аға ма? Неліктен? Өйткені ол сұйық..*<br>*Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы,*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Ал балалар тұрайық, Мойнымызды бұрайық.*<br>*Қолымызды созайық, Су ішінде қалықтап,*<br>*Қәне, жүзіп алайық, Оңға, солға бір қарап, Денемізді бұрайық*<br>***Балаларды топқа бөлу. Тәжірибе жасау***<br>***1-топ. Сүт пен суға тәжірибе***<br>*Қайсысы көрінетінін, қайсысы көрінбейті-нін бақылайды.* | *4.Б.қ. аяқты кең ашып тұру, қол белде*<br>*-Алдына енкейю, қол артта жоғары. (5-6 рет)*<br>*5.Б.қ. қол белде.*<br>*Қос аяқпен секіру. (6 рет)*<br>***Тыныс алу жаттығу***<br>*«Сорғыш» - аяқтарын қосып, тік тұрып қолдарын кеуде тұсында ұстау; демін ішке жұтып, демін сыртқа шығару, дауыстап (СССС) деп дыбыс шығарып, қолдарын жылжыту; тік тұру*<br>*Өнім арқылы саралау, блум таксонмиясы, бала үні, тікелей бақылау.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1. Допты екі қолмен алға қарай лақтыру*<br>*2.Жерде жатқан жіптен секіріп өту*<br>*Командамен жұмыс, сыни ойлау, жанама бақылау.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Құстар»*<br>*Ойын шартымен таныстыру*<br>*.Балаларды мадақтау.* | ***Қорытынды.***<br>*-Сонымен, балалар бүгін не жасауды үйрендік?*<br>*-Сендерге ұнады ма?*<br>*Дайын болған сыйлықты, достарына сыйға тартады.*<br>*Мадақтау*<br>*Өз пікірлерімен бөліседі.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
